Ағатын нақты орталардың қозғалуы идеал сұйықтардың қозғалуынан бөлек болады. Нақты сұйықтарда ортаның қабатшалары және ағыншалары арасындағы ішкі үйкеліс күштерінің әсерінен қозғалуға кедергі туындайды. Ағынның үзіксіздік шарты бойынша құбыр бойында сұйықтың шығыны, сәйкесінше динамикалық тегеурініі, өзгермейді. Құбырдың көлденең қимасы тұрақты болғандықтан $w = const$. Сондықтан гидравликалық кедергі құбырдың толық тегеурінін оның статикалық тегеурінін $p/\rho g$ азайту арқылы азайтады.

Нақты сұйықтардың горизонталь арналарда қозғалуы Бернулли теңдеуінің мына түрімен сипатталады ($z_1=z_2$ кезде):

$$p_1 + \frac{\rho w^2}{2} = p_2 + \frac{\rho w_2^2}{2} + \Delta p_{сопр}, \quad (2)$$

Мұнда $\Delta p_{сопр}=\zeta\rho w^2/2$ - құбырдың екі қималарының арасындағы телімнің гидравликалық кедергі.

ζ мәнін білу технологиялық құбырлардың, аппараттардың кедергілерін есептеуге мүмкіндік береді. Кедергі бойынша құбырлардың өлшемдерін (ұзындығы, диаметрі), ортаны тасымалдауға шығындалатын энергияны анықтайды және сораптарды таңдайды.

Технологиялық құбырлардың, аппараттардың жалпы гидравликалық кедергілері үйкелу кедергісінен және құбырлардың геометриялық пішіні өзгергендегі жергілікті кедергісінен тұрады. Олардың әрқайсысын жеке – жеке қарастырамыз.

А. Үйкелу кедергісі.

Ортаның ламинарлы ағуы кезінде қысымның үйкелуге шығынымен оны анықтайтын факторлардың өзара тәуелділігі Гаген-Пуазейль заңымен сипатталады:

$$\Delta p_{тр} = p_1 - p_2 = \frac{32\mu l w}{d^2}, \quad (3)$$

Мұнда μ - тұтқырлықтың динамикалық коэффициенті, Па·с; w - ағынның орташа жылдамдығы, м/с; d - құбыр диаметрі, м; l - ұзындық, м.

(3) теңдеуді түрлендіргенде Дарси теңдеуі алынады:

$$\Delta p_{тр} = \zeta \frac{\rho w^2}{2} = \lambda \frac{l}{d} \frac{\rho w^2}{2}, \quad (4)$$

Мұнда $\zeta = \lambda l/d$ - үйкелудің кедергі коэффициенті, λ - үйкелудің гидравликалық коэффициенті. (3) және (4) теңдеулерін салыстыра отырып, мына өрнекті аламыз:

$$\lambda = 64 / \mathrm{Re} \quad (5)$$

Үйкелудің гидравликалық коэффициентін немесе кедергі коэффициентін турбулентті ағу режимінде аналитикалық анықтау мүмкін емес. Зерттеулер нәтижелері бойынша ол $2300 < Re < 100\,000$ аралығында Блазиус теңдеуімен анықталуы мүмкін:

$$\lambda = \frac{0{,}316}{\mathrm{Re}^{0{,}25}} \quad (6)$$

Ал $100\,000 < Re < 100\,000\,000$ аралығында мына өрнектен анықталуы мүмкін:

$$\lambda = 0{,}32 + \frac{0{,}22}{\mathrm{Re}^{0{,}24}}, \quad (7)$$

Б. Жергілікті кедергілер.

Жергілікті кедергілер ағынның жылдамдығы, бағыты, геометриялық пішіні бұрылыстарда, кеңеетін тарылатын телімдерден өткенде, крандарда, вентилдерде тарылғанда және т.б. өзгеруіне байланысты

Жергілікті кедергілердегі толық тегеурінінің шығыны статикалық кедергінің азаюы есебінен болады. Ол ағатын орта бағанасының биіктігімен немесе қысым бірлігімен өлшенеді. Жергілікті кедергі, үйкелу кедергісі сияқты (4 теңдеуді қара.), динамикалық тегурін еншісімен өрнектеледі.

$$\Delta p_{м.с.} = \zeta_{м.с.} \frac{\rho w^2}{2}, \quad (8)$$


Мұнда $\zeta_{м.с.}$ — жергілікті кедергі коэффициенті.

Құбырдың кенеттен кеңеюі кезінде кең қимадағы w_2 жылдамдық тарылған қимадағы w_1 жылдамдықтан, кең қима ауданы тарылған қима ауданынан қанша үлкен болса, сонша кіші болады. Бұл жағдайды тарылған ағынның одан төмен жылдамдықты кең ағынға соқтығысуы деп қарастыруға болады. Соқтығысу кезіндегі күштердің аз уақытты әсерлесуі туралы механика теоремасына сүйене отырып, француз ғалымы Борд кенеттен кеңею кезіндегі тегеурін шығынын мына өрнекпен сипаттауға болатынын дәлелдеді:

$$\Delta p_{в.р.} = \zeta_{в.р.} \frac{\rho w_1^2}{2}, \quad (8а)$$


Мұнда $\zeta_{в.р.} = \left(1 - \frac{S_1}{S_2}\right)^2$

Кенеттен кеңею кезінде тегеурін шығыны ағынның А бөлігінде құйындардың түзілуі нәтижесінде орын алады (1 сурет). Бұған сұйық энергиясының бір бөлігі шығындалады.



1 сурет. Кенеттен кеңею

Құбырдың кенеттен тарылуы кезінде (2 сурет) сақиналы А кеңістікте (дағдарыс аймағында) құйынды қозғалыс байқалады. Сонымен қатар, ағынның тарылуына байланысты, құбырдың кіші қимасының A_1 аймағында да құйындар тзіледі.



2 сурет. Кенеттен тарылу

Ағынның S_3 қимадағы «өздігінен тарылуы» инерциялық күштердің әсерінен болады, олар тарылған қима жанында құбыр осіне қарай бағытталған. Тәжірибе нәтижелері энергияның негізгі шығыны A_1 аймақта болатынын көрсетті. Бұл жағдайда тегеурін шығынын мына өрнекпен анықтайды:

$$\Delta p_{в.с.} = \zeta_{в.с.} \frac{w_2^2}{2}, \qquad (8б)$$

Мұнда w_2 — тарылған қимадағы ағын жылдамдығы, м/с.

Крандардың, вентилдердің және т.б. жергілікті кедергі коэффициенттерін тәжірибе жүзінде анықтайды және олар жабатын құрылғылардың конструкцияларына тәуелді.

5 Әдебиет негізгі:

1. В.И. Чуешов, Е.В. Гладух, И.В. Сайко. Технология лекарств промышленного производства. Ч. 1. – Винница: Нова книга, 2014. -696 с.
2. В.И. Чуешов, Е.В. Гладух, И.В. Сайко. Технология лекарств промышленного производства. Ч. 2. – Винница: Нова книга, 2014. -664 с.
3. Промышленная технология лекарств, Том 1. Под ред. Чуешова В.И. – Х.: МТК-Книга, Издательства НФАУ, 2002 – 560 с.
4. Промышленная технология лекарств, Том 2. Под ред. Чуешова В.И. – Х.: МТК-Книга, Издательства НФАУ, 2002 – 557 с.
5. Мантлер С. Н. Химиялық технологияның процестері және аппараттары : оқулық / С. Н. Мантлер, Ғ. М. Жуманазарова. – ҚР БҒМ ұсынған. - Алматы : "Бастау", 2018. - 256 б.
6. Дытнерский Ю.И Процессы и аппараты химической технологии: В двух томах / Ю.И Дытнерский. — М.: Альянс, 2015. — 368 с.

7. Дытнерский, Ю.И. Основные процессы и аппараты химической технологии: Пособие по проектированию: Учебное пособие для вузов / Ю.И. Дытнерский, Г.С. Борисов, В Брыков. - М.: Альянс, 2015. - 496 с.
8. Касаткин А.Г. Основные процессы и аппараты химической технологии: Учебник для вузов / А.Г. Касаткин. - М.: Альянс, 2014. - 752 с.
9. Остриков А.Н. Процессы и аппараты. Расчет и проектирование аппаратов для тепловых и тепломассообменных процессов: Учебное пособие / А.Н. Остриков, В.Н. Василенко и др. - СПб.: Лань, 2018. - 440 с.
10. Алексеев, Г.В. Виртуальный лабораторный практикум по курсу «Процессы и аппараты пищевых производств»: Уч. Пособие / Г.В. Алексеев, И.И.

қосымша:

11. Плаксин Ю.М., Малахов Н.Н., Ларин В.А. Процессы и аппараты пищевых производств. – М.: КолосС, 2008. – 760 с.
12. Кавецкий Г.Д. Процессы и аппараты пищевой технологии. - М.: Колос, 2000.
13. Павлов К.Ф., Романков П.Г., Носков А.А. Примеры и задачи по курсу процессов и аппаратов химической технологии - Л.: Химия, 1987
14. Государственная Фармакопея Республики Казахстан. – том 1 – Алматы. – Издательский дом: «Жибек жолы».– 2008.– 592 с.
15. Государственная Фармакопея Республики Казахстан.– том 2. – Алматы.– Издательский дом: «Жибек жолы».– 2009. – 792 с.
16. Сағындықова Б.А. Дәрілердің өндірістік технологиясы.– Алматы.–2011.– 346 б.
17. Ақбердиев Ә.С. Тамақ өндірісінің процестері және аппараттары, Алматы; 1998 ж.

Бақылау (сұрақтар, тестілер, есептер және т.б.)

1. Гидравликалық кедергі және оларды туындататын факторлар.
2. Үйкелу коэффициенті және оның ағу режиміне тәуелділігі.
3. Жергілікті кедергілер.
4. Құбырдағы тегеуріннің толық шығыны.
5. Құбырлардағы және аппараттардағы тегеуріннің үйкелуге шығынын қалай есептейді?
6. Құбырлардағы және аппараттардағы тегеуріннің жергілікті кедергіге шығынын қалай есептейді?

Тестік тапсырмалар

1. Сығылмайтын идеал сұйыққа жазылған Бернулли теңдеуі ... болып табылады.

| $z_1 + P_1/(\rho g) + w_1^2/(2g) = z_2 + P_2/(\rho g) + w_2^2/(2g) + h_п$

| $z_1 + P_1/(\rho g) + w_1^2/(2g) = z_2 + P_2/(\rho g) + w_2^2/(2g)$

| $P_1/(\rho g) + w_1^2/(2g) = P_2/(\rho g) + w_2^2/(2g)$

| $\partial w_x/\partial x + \partial w_y/\partial y + \partial w_z/\partial z = 0$

| $\partial \rho/\partial \tau + \partial (\rho w_x)/\partial x + \partial (\rho w_y)/\partial y + \partial (\rho w_z)/\partial z = 0$

2. Сығылмайтын нақты сұйыққа жазылған Бернулли теңдеуі ... болып табылады.

| $z_1 + P_1/(\rho g) + w_1^2/(2g) = z_2 + P_2/(\rho g) + w_2^2/(2g)$

| $P_1/(\rho g) + w_1^2/(2g) = P_2/(\rho g) + w_2^2/(2g)$

| $z_1 + P_1/(\rho g) + w_1^2/(2g) = z_2 + P_2/(\rho g) + w_2^2/(2g) + h_п$

| $\partial w_x/\partial x + \partial w_y/\partial y + \partial w_z/\partial z = 0$

| $\partial \rho/\partial \tau + \partial (\rho w_x)/\partial x + \partial (\rho w_y)/\partial y + \partial (\rho w_z)/\partial z = 0$

3. Бернулли теңдеуіндегі $w^2/(2g)$ тегеурінді ... деп атайды.

| статистикалық тегеурін
| геометриялық тегеурін
| жылдамдық тегеуріні
| гидродинамикалық тегеурін
| гидростатикалық тегеурін

4. Бернулли теңдеуіндегі $P/(\rho g)$ тегеурін ... сипаттайды.

| нүкте орналасуының меншікті потенциалдық энергиясын
| нүктедегі меншікті кинетикалық энергияны
| нүктедегі қысымның меншікті потенциалдық энергиясын
| меншікті динамикалық энергияны
| меншікті статикалық энергияны

5. Бернулли теңдеуіндегі $w^2/(2g)$ тегеурін ... сипаттайды.

| нүктедегі меншікті кинетикалық энергияны

| нүкте орналасуының меншікті потенциалдық энергиясын
| нүктедегі қысымның меншікті потенциалдық энергиясын
| меншікті динамикалық энергияны
| меншікті статикалық энергияны

6. Қозғалудың дифференциалды теңдеуін көрсетіңіз.

$$\frac{\partial t}{\partial \tau} + \omega_x \frac{\partial t}{\partial x} + \omega_y \frac{\partial t}{\partial y} + \omega_z \frac{\partial t}{\partial z} = a\nabla^2 t$$

$$\rho \frac{d\omega}{d\tau} = \rho g - \nabla P + \mu \nabla^2 \omega$$

$$\frac{\partial \omega_x}{\partial x} + \frac{\partial \omega_y}{\partial y} + \frac{\partial \omega_z}{\partial z} = 0$$

$$-\lambda \left(\frac{dt}{dn} \right)_{пов} = \alpha \cdot \Delta t$$

$$dQ = dU + dL$$

7. Үздіксіздіктің дифференциалды теңдеуін көрсетіңіз.

$$\rho \frac{d\omega}{d\tau} = \rho g - \nabla P + \mu \nabla^2 \omega$$

$$\frac{\partial t}{\partial \tau} + \omega_x \frac{\partial t}{\partial x} + \omega_y \frac{\partial t}{\partial y} + \omega_z \frac{\partial t}{\partial z} = a\nabla^2 t$$

$$\frac{\partial \omega_x}{\partial x} + \frac{\partial \omega_y}{\partial y} + \frac{\partial \omega_z}{\partial z} = 0$$

$$-\lambda \left(\frac{dt}{dn} \right)_{пов} = \alpha \cdot \Delta t$$

$$dQ = dU + dL$$

8. Ламинарлы қозғалыс кегізіндегі үйкеліс коэффициентін анықтауға арналған теңдеуді көрсетіңіз.

$$\xi_{үйк} = \lambda l / d$$

$$h_{үй} = \lambda \frac{l}{d} \cdot \frac{W^2}{2g}$$

$$\Delta P_{үйк} = (\lambda l / d) \cdot (\quad w^2/2)$$

$$h_{тыл} = w^2/2g$$

$$\lambda = \frac{64}{Re}$$

9. Үйкеліске шығындалған тегеуірінді анықтаңыз:

$$\lambda = \frac{64}{Re}$$

$\xi_{үйк} = \lambda l/d$

$$h_{үй} = \lambda \frac{l}{d} \cdot \frac{W^2}{2g}$$

$\Delta P_{үйк} = (\lambda l/d)\cdot(\quad w^2/2)$

$h_{жылд.} = w^2/2g$

10. Үйкеліс кедергісін жеңуге жұмсалатын қысым шығынын анықтаңыз.

$$\lambda = \frac{64}{Re}$$

$\Delta P_{үйк}=(\lambda l/d)\cdot(\quad w^2/2)$

$\xi_{үйк}=\lambda l/d$

$$h_{үй} = \lambda \frac{l}{d} \cdot \frac{W^2}{2g}$$

$h_{жылд.}=w^2/2g$

6-тақырып: Ортадан тепкіш сораптың жұмыс істеу принципі және конструкциясы.
Мақсаты: 1. Ортадан тепкіш сораптың құрылғысымен танысу.
2. Ортадан тепкіш сораптың негізгі техникалық көрсеткіштерін эксперимент жүзінде анықтау.
Оқыту мақсаты:
Студент білуге тиіс:
1. Ортадан тепкіш сораптың жіктелуін;
2. Ортадан тепкіш сораптың жұмыс жасау принципін;
3. Ортадан тепкіш сораптың негізгі техникалық көрсекіштерін;

Студент істей алуға тиіс:
- Ортадан тепкіш сораптың негізгі техникалық көрсекіштерін есептеу үшін Бернулли теңдеуін құра білу;
- Сораптың өнімділігін анықтай алу;
- Сораптың тегеурінін анықтай алу;
- Ортадан тепкіш сораптың конструкциясын таңдай білу;

Тақырыптың негізгі сұрақтары:
1. Ортадан тепкіш сораптың конструкциясы.
2. Ортадан тепкіш сораптың жұмыс жасау принципі.
3. Бернулли теңдеуі.
4. Сораптың өнімділігі.
5. Сораптың қуаты.
6. Сораптың тегеуріні.
7. Сораптың ПӘК-і

Білім берудің және оқытудың әдістері:
Студенттер ортадан тепкіш сораптың құрылғысымен және жұмысымен танысуы керек.
Ортадан тепкіш сорапты жеке бөлшектерін ашып жинауы тиіс:
1. Ортадан тепкіш сораптың құрылғысымен және жұмыс істеу принципін оқыңыз.
2. Ортадан тепкіш сораптың жұмысшы доңғалағының эскизін суреттеп, оның негізгі өлшемдерін белгілеңіз.
3. Сораптың өнімділігін анықтаңыз.
4. Сораптың тегеурінін анықтаңыз.
5. Ортадан тепкіш сораптың жұмсалатын қуаты анықтаңыз.

6. Алынған мәліметтерді кестелеп жазыңыз.

1 кесте.

№	Көрсеткіштің аталуы	Белгіленуі	Мәні
1	Сораптың типі	РВ - 38	
2	жұмысшы доңғалақтың кіріс қимасының диаметрі	D_1, мм	
3	жұмысшы доңғалақтың сыртқы диаметрі	D_2, мм	
4	жұмысшы доңғалақтың втулкасының диаметрі	$d_{вт}$, мм	
5	Сораптың өнімділігі	Q, $м^3/с$	
6	Сораптың өнімділігін	Q, $м^3/сағ$	
7	Сораптың тегеуріні	H, м	
8	Сораптың жұмсалатын қуаты	N, Вт	
8	сораптың шапшаң жүрістік коэффициенті	$n_ш$, айн/мин	
9	Сору жағындағы саны	$i_{вх}$	
10	Қысым түсіру сатылардың саны	$i_{ст}$	

11	Сораптың білігінің айналу жиілігі	n, айн/мин	725

Теориялық мәліметтер.

Сорап деп сұйық ортасының ағымдарын жасайтын гидравликалық машиналар және аппараттарды атайды. Сораптар тікелей сораптардың өзінде және құбырларда сұйықтың қысымдар айырмасын жасайды, осылайша электрқозғалтқыштың энергиясын тасымалданатын сұйықтық арқылы энергияға айналдырады.

Динамикалық сораптарда сұйықтар, тұйықталмаған сұйықтың көлеміне күштер өзара әсерлесуі кезінде тасымалданады, мұнда сорапқа кіруі және ол жерден шығуы үздіксіз беріліп отырады.

Көлемдік сораптарда тұйықталған сұйық көлемнің мерзімді өзгерісі кезінде сұйықтар орын ауыстырады (ығыстырады), мұнда сорапқа кіруі және ол жерден шығуы мерзімді түрде беріліп отырады. Қалақты сораптарда сұйықтық сораптың жұмысшы дөңгелегінің (дөңгелек) қалақтарынан ағу арқылы энергия беріледі. Сораптарда үйкеліс күш әсері астында сұйықтық үйкелісіп орын ауыстырады. Көлемдік сораптарда жұмысшы дененің қайтымды-үдемелі қозғалуымен қайтымды-үдемелі жұмысшы денесінің қозғалысы кезінде сұйықтық арқылы энергия алады.

Роторлық сораптарда жұмысшы дененің айнала қозғалуы кезінде сұйықтық арқылы энергия беріледі.

Сораптардың негізгі жұмысшы көрсеткіштері:

Өнімділік (берілісі) Q (м3/с) бірлік уақытта айдайтын құбырға сорап арқылы берілетін сұйықтың көлемімен анықталады.

Қысым күші Н (м) (қысым Р (Па)) айдалатын сұйықтың бірлік салмағын сорап арқылы берілетін энергиясын сипаттайды. (Қысым күші – сораппен берілетін, энергия арқылы 1кг айдалатын сұйықтың көтерілетін биіктігі болып табылады).

Қуат (Вт). Пайдалы қуат $N_п$, сораптың білігіндегі қуат $N_{білік}$, электрқозғалтқышпен қоректенетін қуат $N_{эл}$, және бекітілген қуат $N_{бек}$ болып ажыратылады. Пайдалы қуат $N_п$ сұйықтық арқылы энергияның берілуіне жұмсалады және сораптағы массалық шығынның (ρgQ) сұйықтың меншікті энергия өндірудің көбейтіндісіне тең.

сонда

$N_п = ρgQH$, Вт.

Біліктегі қуат $N_е$ пайдалы қуаттан $N_п$ жоғары, бұл сораптағы энергияның шығындалуының есебінен болады, мұнда сораптың пайдалы әсер коэффициенті (п.ә.к.) η ескеріледі.

сонда $N_е$=

$N_п$ /η.

П.ә.к. η сораптың конструкциясын жетілдіруін және эксплуатациялаудың тиімділігін сипаттайды.

Көлемдік п.ә.к., бұл саңылау, сальниктер және тағы басқалар арқылы сұйықтың ағымын ескереді; Гидравликалық п.ә.к, бұл сорап арқылы сұйықтардың қозғалысы кезінде қысым күшінің шығынын ескереді. Механикалық п.ә.к, бұл сораптағы (подшипниктер, сальниктер және басқалар) механикалық үйкеліске шығындалған қуатты сипаттайды.


η мәні сораптың конструкциясына және тозу дәрежесіне байланысты болады (ортадан тепкіш сораптар үшін η=0,6... 0,7, поршендік сораптар үшін η=0,8...0,9).

Электр қозғалтқыштан сорапқа берілуіндегі және электрқозғалтқыштың өзінде механикалық шығынның салдарынан, сораптың білігіндегі қуатқа қарағанда элекрқозғалтқыштың қоректенетін қуаты $N_{дв}$ жоғары болады. Бұл жерде берілу ПӘК-і және элекрқозғалқыштың ПӘК-і ескеріледі. Элекрқозғалтқыштың бекітілген қуаты $N_{бек}$ сораптың қосу сәтінде мүмкіндігінше жүктеу салдарынан $N_{эл}$ шамасы бойынша есептеледі:

$$N_{бек}=β\ N_{эл},$$

мұнда β=1,1...2,0 – электрқозғалқыштың қуатына байланысты қуаттың қор жинау коэффициенті.

Сорапы қондырғының негізгі элементтеріи (1сурет): қабылдаушы сыйымдылық 1, қысымдаушы сыйымдылық 2, сорап 3. Сұйықтық қабылдаушы сыйымдылықтан қысымдаушы сыйымдылыққа айдалады. Белгіленуі: p_0 – қабылдаушы сыйымдылықтағы қысым; p_2 – сығымдаушы сыйымдылықтағы қысым. Қабылдаушы сыйымдылықтан сорапқа дейінгі аймақтағы құбырды сору құбыры (келте құбыр) деп атайды. Сораптан қысымдаушы құбырға дейінгі құбырды қысымдық немесе сығымдаушы деп атайды. Сорылатын келте құбырдағы қысым, сығымдауға қарағанда анағұрлым төмен (ереже бойынша сорылатын келте құбырдағы қысым амосфералыққа қарағанда төмен, онда вакуум болады). Сору биіктігі $H_{сору}$ – қабылдаушы сыйымдылықтағы сұйықтық деңгейінен сораптың осіне дейінгі қашықтық. Сығымдаушы биіктік $H_{сығым}$ – сораптың осінен қысымдаушы сыйымдылықтағы сұйықтықтың деңгейіне дейінгі қашықтық. Сұйықтықтың көтерілудің геометриялық биіктігі $H_г$ – қабылдаушы және қысымдаушы сыйымдылықтағы сұйықтың деңгейлер аралығындағы верикаль бойынша арақашықтық. Қағида бойынша сораптық қондырғы вакуумметрмен В (сорылатын құбырда) және манометрмен М (сығымдалатын құбырла) жабдықталады.



1. сурет сорапты қондырғының тәсімі

Сорылатын келте құбырдың жүктелетін тұсына сүзгіш клапан Ф орнатады, ал сығымдаушы құбырда сорапқа тікелей жақындатып кран (вентиль) К орнатады..

Тиісті (немесе қажетті) қысымды керекті берілуін қамтамасыз ету үшін 0–0, 1–1 және 2–2 сипаттағы қималар үшін Бернулли теңдеуін құрастырып анықтауға болады.

$$H = H_Г + \frac{p_2 - p_0}{\rho g} + h_Н + h_{ВС}, \quad (1)$$

мұнда $h_{сығым}$ және $h_{сору}$ – сығымдаушы және сору аймақтарындағы қысымның шығыны

Осылайша, сораптың қажетті қысымы Н геометриялық биіктікке $H_г$ көтерілуіндегі, қысымды және қабылдаушы сыйымдылықтың қысымдар айырмашылығын игеруге және сығымдаушы $h_{сығым}$ және сору $h_{сору}$ құбырлардың гидравликалық кедергілерін жеңуге сұйықтардың қозғалуына жұмсалады.

Технологиялық қондырғылар арналған сораптарды таңдау кезінде (1) теңдеуді пайдаланады. Егер құбыр горизонталды және қабылдаушы және қысымдаушы сыйымдылықтағы қысымы бірдей (қағида бойынша) болса, онда (1) теңдеу ықшамдалады:

$$H = h_н + h_{вс}$$

Сораптың сору биіктігінің шамасын $H_{сору}$ (1 суретті қараңыз) өз еркімен тағайындау мүмкін болмайды. 0–0, 1–1 және 2–2 сипаттағы қималар үшін Бернулли теңдеуінен анықтауға болады.


$$H_{ВС} = \frac{p_0}{\rho g} - \left(\frac{p_{ВС}}{\rho g} + \frac{v_{ВС}^2 - v_0^2}{2g} + h_{ВС} \right),$$

мұнда $v_{вс}$ және v_o – сору құбырына және қабылдағыш сыйымдылығына сәйкесінше сұйықтың қозғалыс жылдамдығы

Осылайша сораптың сору биіктігі $H_{сору}$ қысым p_o артқан сайын жоғарлайды және сондай–ақ қысымның жылдамдығы және шығыны, соратын келте құбырдағы қысымды $p_{сору}$ жоғарлатқан сайын төмендейді. Негізінен сораптың сору биіктігін $H_{сору}$, сорылатын құбырдағы сұйықтықтың қозғалысының жылдамдығы 0,8...1,0 м/с төңірегінде 5…6 м аралықта таңдалады. Сораптың тұрақты жұмысы үшін оның соратын келте құбырындағы қысымы, сору температурасында ($p_{вс}$> p_t) сұйықтықтың қаныққан бу қысымынан жоғары болуы тиіс, себебі кері жағдайда сұйықтық сорапта қайнай бастайды. Бұл жерде сұйықтықтан будың қарқынды бөлініп шығару нәтижесінде ағымның үзілуі мүмкін.

Ортадан тепкіш сораптар қысым күшінің шамасына тәуелсіз, жоғары өнімділікпен сипатталады. Ортадантепкіш сораптың (сур. 2) негізгі бөлігі болып, иілімді қалақты жұмысшы доңғалақ 1 табылады. Доңғалақ білікпен жалғанған 2 және қаптауға (спиралды камераға) 3 қосылған. жұмысшы доңғалақтың 1 шапшаң айналуы кезінде айнала отырып, жүргізілген элекрқозғалтқыштан, ортадан тепкіш күш туындайды. Оның әсері арқылы сұйықтық, доңғалақтың қалақтары арасынан оның шеттеріне айдалады, және доңғалақтан шығып, сораптың спиралды камерасына келіп түседі, ол жерден сұйықтық сығымдайтын құбырға 4 барады. Шығарылған сұйықтықтан босатылатын, сорапты камераның орталық кеңістігіне, сыртқы қысым p_o әсері астында сору құбыры 6 бойынша

келіп түсетін, сұйықтық толтырылады. Осылайша, сорапқа сұйықтықтың үздіксіз ағымы түзіледі, ол жерден берілу орнына барады.



2. сурет Ортадан тепкіш сорап

Ортадан тепкіш сораптар өзінің жұмысын бастауына дейін алдын ала құйылуды қажет етеді, ол болмаса сұйықтардың сорылуын жасай алмайды. Сорапқа құйылу кезінде сұйықтық, одан төгілмеуі үшін бастапқы резервуарға соратын құбырдың батырылған ұшына қабылдаушы қайтымды клапанды 6 орнатады, ол ластанудан қорғау үшін сүзгімен (тормен) жабдықталған.

Берілген қысымда D берілуін жоғарлату үшін, бірнеше тізбектеп жалғанған доңғалақты сораптар шағын көлемді сұйықтықтарды ең жоғары биіктікке көтерілуін жасайды. Жасалатын қысымның шамасы бойынша ажыратылады: төменқысымды ортадан тепкіш сораптар (20м дейін қысымы кезінде); орташа қысымды сорапар (20-дан 60 м-ге дейінгі қысым), ал қысымы 60 м-ден жоғары болғанда – жоғары қысымды сораптар.

Ортадан тепкіш сораптың жұмысшы дөңгелегіне сұйықты жеткізудің тәсіліне қарай бірбеткі жақты және екібеткі жақты кіретін болып екіге бөлінеді. Біліктің орналасуына бойынша: көлбеу және тік сораптар. Электрқозғалтқышпен қосылу тәсіліне бойынша: шкивпен немесе редуктормен; муфтаның жәрдемі арқылы, моноблоктар (электрқозғалқышты жалпы білікті сорап).

Сораптың ПӘК-і максималды жағдайында берілуі Q (м3/с) және қысым күші Н (м) келесі теңдеу бойынша анықталады:

$$D_{экв} = \sqrt{D_0^2 + d_{вт}^2},$$

$$Q = (\frac{D_{экв}}{K_D})^3 n \cdot i_{вх},$$

$$H = i_{ст}^{-3} \sqrt{\left(\frac{3{,}65 \cdot n \cdot \sqrt{\frac{Q}{i_{вх}}}}{n_s}\right)^4}$$

мұнда $D_{экв}$ – дөнгелекке кірудегі эквиваленттік диаметрі, м; K_D = 4…4,5 – коэффициент; n – сораптың білігінің айналу жиілігі, айн/мин; $i_{вх}$ – сорылу беткі жағының саны; $i_{ст}$ – сораптың сатысының саны; n_s – сораптың шапшаңжүріс коэффициенті, айн/мин.


3 суретте шапшаңжүрісті сораптың n_s дөңгелектің жұмысшы диаметріне қатынастарына D_2 / D_0 тәуелділік қисығы бейнеленген.

Сораптың жұмсалатын қуаты N (Вт):


$$N = \beta \frac{\rho g Q H}{\eta},$$

Мұнда η = 0,5 – Сораптың және электрқозғалтқыштың ПӘК–і; ρ = 1000 кг/м^3 – судың тығыздығы; β = 1,2 – сораптың қуаттық қорының коэффициенті.

D_2/D_0



3 сурет. Шапшаңжүрісті сораптың n_s дөңгелектің жұмысшы диаметріне қатынастарына D_2 / D_0 тәуелділік қисығы.



4 сурет Дөңгелектің жұмысшы көлемі

5 **Әдебиет**

негізгі:

1. В.И. Чуешов, Е.В. Гладух, И.В. Сайко. Технология лекарств промышленного производства. Ч. 1. – Винница: Нова книга, 2014. -696 с.
2. В.И. Чуешов, Е.В. Гладух, И.В. Сайко. Технология лекарств промышленного производства. Ч. 2. – Винница: Нова книга, 2014. -664 с.
3. Промышленная технология лекарств, Том 1. Под ред. Чуешова В.И. – Х.: МТК-Книга, Издательства НФАУ, 2002 – 560 с.
4. Промышленная технология лекарств, Том 2. Под ред. Чуешова В.И. – Х.: МТК-Книга, Издательства НФАУ, 2002 – 557 с.
5. Мантлер С. Н. Химиялық технологияның процестері және аппараттары : оқулық / С. Н. Мантлер, Ғ. М. Жуманазарова. – ҚР БҒМ ұсынған. - Алматы : "Бастау", 2018. - 256 б.
6. Дытнерский Ю.И Процессы и аппараты химической технологии: В двух томах / Ю.И Дытнерский. — М.: Альянс, 2015. — 368 с.
7. Дытнерский, Ю.И. Основные процессы и аппараты химической технологии: Пособие по проектированию: Учебное пособие для вузов / Ю.И. Дытнерский, Г.С. Борисов, В Брыков. - М.: Альянс, 2015. - 496 с.
8. Касаткин А.Г. Основные процессы и аппараты химической технологии: Учебник для вузов / А.Г. Касаткин. - М.: Альянс, 2014. - 752 с.
9. Остриков А.Н. Процессы и аппараты. Расчет и проектирование аппаратов для тепловых и тепломассообменных процессов: Учебное пособие / А.Н. Остриков, В.Н. Василенко и др. - СПб.: Лань, 2018. - 440 с.
10. Алексеев, Г.В. Виртуальный лабораторный практикум по курсу «Процессы и аппараты пищевых производств»: Уч. Пособие / Г.В. Алексеев, И.И.

қосымша:

11. Плаксин Ю.М., Малахов Н.Н., Ларин В.А. Процессы и аппараты пищевых производств. – М.: КолосС, 2008. – 760 с.
12. Кавецкий Г.Д. Процессы и аппараты пищевой технологии. - М.: Колос, 2000.
13. Павлов К.Ф., Романков П.Г., Носков А.А. Примеры и задачи по курсу процессов и аппаратов химической технологии - Л.: Химия, 1987
14. Государственная Фармакопея Республики Казахстан. – том 1 – Алматы. – Издательский дом: «Жибек жолы».– 2008.– 592 с.
15. Государственная Фармакопея Республики Казахстан.– том 2. – Алматы.– Издательский дом: «Жибек жолы».– 2009. – 792 с.
16. Сағындықова Б.А. Дәрілердің өндірістік технологиясы.– Алматы.–2011.– 346 б.
17. Ақбердиев Ә.С. Тамақ өндірісінің процестері және аппараттары, Алматы; 1998 ж.

Бақылау (сұрақтар, тестілер, есептер және т.б.)

1. Сораптардың әмбебап сипаттамалалары дегеніміз не.
2. Сораптар іс-әрекеттер принциптері бойынша қандай болып бөлінеді
3. Сораптардың негізгі көрсеткіштеріне не жатады.

Тестік тапсырмалар

1. Сорап қуаты ..... болып табылады.

| $N_e = \frac{N_0}{\eta_м}$

| $N_э = \frac{N_e}{\eta_{эл}}$

| $N = \frac{V \Delta p}{1000\,\eta}$

| $N_0 = ML_0m$

| $N_i = p_i V_h nz/k$

2. Сораптарда сұйықтардың үйкелісі қандай күштің әсерінде жүреді:
| үйкеліс күші
| ортадан тепкіш күші
| гравитациялық күші
| молекулярлы күші
| ауырлық күші

3. Арынды сораптар қандай сораптарға жатады:
| қалақты
| үйкеліс
| динамикалық
| көлемдік
| плунжерлі

4. Сораптың өнімділігі және тегеуріні кавитация процесінде қалай өзгереді:
| кемімейді
| ұлғаяды
| кенеттен төмендейді
| жайлап азаяды
| жайлап ұлғаяды

5. Айдап қотару үшін пропеллерлі сораптар қолданады:
| аз көлемді сұйықтарға
| тұтқырлы сұйықтаға вязких жидкостей
| төмен тегеурінде көп көлемді сұйықтарға
| тұтқырлығы аз сұйықтармен суспензияларға
| суспензияға

6. Ортадан тепкіш тегеуріндердегі ақиқатты тегеурін теориялықпен салыстырғанда қандай болады:
|теориялыққа тең
|теориялықтан көп
|теориялықтан аз
|теориялықтан негұрлым аз
|теориялықтың 50 % құрайды

7. Ортадан тепкіш күш сораптар үшін n = const болған кезде және өнімділік жоғарылаған сайын:
|сораптың тегеуріні жоғарлайды
|сораптың тегеуріні өзгермейді
|сораптың тегеуріні 10 м-ден көп
|сораптың тегеуріні 10 м-ден аз
|сораптың тегеуріні төмендейді

8. Сораптардың әмбебап сипаттамалалары дегеніміз:
|айналу саны
|п.ә.к.
|тегеурін,п.ә.к.,өнімділік
|тегеурін, қуат

|электродвигателдің айналу саны

9. Сораптың толық тегеурінін анықтайтын теңдеуін көрсетіңіз:

$$|H = \frac{P_2 - P_1}{\rho g} + h$$

$$|H = \frac{P_2 - P_1}{\rho g}$$

$$|H = \frac{P_2 - P_1}{\rho g} + H_{Ã} \quad h_{ø} +$$

$$|H = \frac{P_1}{\rho g} + h$$

$$|H = \frac{P_2}{\rho g} + h$$

10. Сұйықтардың горизонталь құбырмен қозғалысындағы сораптың тегеурінін анықтайтын теңдеуін көрсетіңіз:

$$|H = \frac{P_2 - P_1}{\rho g} + h$$

$$|H = \frac{P_2 - P_1}{\rho g}$$

$$|H = \frac{P_2}{\rho g} + h$$

$$|H = \frac{P_1}{\rho g} + h$$

$$|H = \frac{P}{\rho g}$$

7-тақырып: Жалған сұйылу қабатын зерттеу.
Мақсаты: Жалған сұйылу қабатын аппараттың жұмысымен танысу.
Оқыту мақсаты:
Студент білуге тиіс:
- Псевдосұйылудың физикалық негіздері;
- Псевдосұйылу қабатының пайда болу шектері;
- Псевдосұйылу қабатының структурасы.

Студент істей алуға тиіс:
- Сұйылту агентінің мінездеме жылдамдықтарын анықтай алу;
- Бөлшектердің орташа диаметрін анықтай алу;
- Бұрыс пішінді бөлшектердің эквивалентті диаметрін анықтай алу.
- Қозғалмайтын және псевдосұйылған қабаттардың гидравликалық кедергілерін анықтай алу.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:
1. Псевдосұйылған қабат үшін сұйылту агентінің мінездеме жылдамдықтары
2. Қабаттағы бөлшектердің орташа диаметрі.
3. Қабат кеуектігінің сұйылту агентінің жылдамдығына тәуелділігі.
4. Қозғалмайтын және псевдосұйылған қабаттардың гидравликалық кедергілері.
5. Бұрыс пішінді бөлшектердің эквивалентті диаметрі.

Білім берудің және оқытудың әдістері:
Студенттер псевдосұйылған қабаты бар аппараттың жұмысымен танысуы керек. Виртуалды зертханалық қондырғыда:
1. Псевдосұйық қабаттың негізгі мінездемелері бойынша тестілеуден өтіңіз.
2. ΔР және ε - нің сұйылту агенті жылдамдығына тәуелділігін тәжірибе жүзінде анықтаңыз.

3. Тәжірибе мәліметтері бойынша бірінші ауалы жылдамдықтың мәнін анықтаңыз.
4. Қабат бөлшектерінің диаметрін немесе бұрыс пішінді бөлшектер үшін эквивалентті диаметрін және пішін факторын анықтаңыз.
5. Тәжірибе мәліметтері бойынша екінші ауалы жылдамдықтың мәнін анықтаңыз. Оны Годес теңдеуімен анықталған мәнімен салыстырыңыз.
6. Қабаттағы материалдың сипаттамасын анықтаңыз.

Құрал – жабдықтар: дербес компьютер, виртуалды жұмыстың бағдарламасы.

Теориялық мәліметтер.

Жылу және массаалмасу процестерін, сусымалы материалдарды араластыру, агломерациялау, гранулдау процестерін және басқа процестерді қарқындату үшін түйіршікті материалдардың (өлшенген, қайнайтын қабат) жалғансұйылу қабатты (ЖС) аппараттарын кеңінен қолданылады.

Егер торда (сур. 9.1) орналасқан материалдың қозғалыссыз қабатының астынан сұйылтатын агенттің ағымын жіберетін болса (сұйықтық немесе газ), онда қабаттың күйі, сұйылтатын агенттің жылдамдығымен анықталады. Демек, агенттің көлемдік шығынына бос аппараттың көлденең қимасының қатынасы арқылы табуға болады:

$$w = \frac{V}{f_a} \tag{9.1}$$


мұнда V – сұйылу агентінің көлемдік шығыны, м^3/с;

$f_a = \frac{\pi d^2}{4}$ – аппараттың көлденең қимасының ауданы, м^2;

d – аппараттың көлденең қимасының диаметрі, м.

Жалғансұйылу қабатының көрсекіштерін анықтаудағы барлық есептеулер сұйылтатын агенттің жылдамдығын нақты пайдалануына негізделген (9.1). Бұл қатты бөлшектердің арасындағы аралықтағы ауаның ақиқат жылдамдығын өлшеу күрделі болғандығына байланысты болады.

Сурет 9.1 Сұйылатын агенттің жылдамдықтарына байланысты қабаттың құрылымының өзгерістері: а) қозғалыссыз қабат; б)



жалғансұйылу қабаты; в) бөлшектерді аппараттан ұшырып әкету.

Бірінші ағымдар жылдамдығынан $w^1_{кр}$ төменірек кезінде, қабат қозғалыссыз болады (ҚҚ). Сұйылатын агент сүзу режимінде қабаттар арқылы қозғалады.

Сұйылатын агенттің бірінші шектік жылдамдыққа $w^1_{кр}$ жеткен кезде, қабат жалғансұйылуға (ЖС) ауысады. Мұнда қатты бөлшектер қабат бойымен орын ауыстыра қозғала бастайды. Жылдамдықты одан әрі жоғарлатқанда, қабаттың биіктігінің жоғарлауына әкеліп соғады (қабат ұлғаяды).

Сұйылатын агенттің екінші шектік жылдамдыққа $w^{II}_{кр}$ жеткен кезде (ұшырып әкету), қабат бұзылады, ал бөлшектерді пневмотасымалдау режимінде, аппараттан шығарады.

Жалғансұйылудың кеңеюі кеуектілікпен ε сипатталады, оны қабаттағы бос көлемінің $V_{бос}$, барлық қабаттың көлеміне $V_{қаб}$ қатынасынан анықтайды:

$$\varepsilon = \frac{V_{бос}}{V_{каб}} = \frac{V_{каб} - V_T}{V_{каб}} = 1 - \frac{V_T}{V_{каб}} \tag{9.2}$$

мұнда V_T – қабаттағы қатты бөлшектердің көлемі, м^3;

$V_{қаб} = f_a \cdot H$ – қабаттың көлемі, м^3;

H – жалғансұйылу қабатының биіктігі, м.

Қозғалыссыз қабаттың қатты бөлшектерінің бірыңғай диаметрінде кеуектілігі шамамен 0,4 тең екендігі белгілі. Жалғансұйылу процесінде көлемнің V_T шамасы тұрақты болып қала береді, оны қозғалыссыз қабаттың көрсеткіштері арқылы анықтауға болады:

$$V_T = f_a \cdot H_0(1-\varepsilon) \tag{9.3}$$

мұнда H_0 – бөлшектердің қозғалмайын қабатының биіктігі, м.

(9.3) теңдеуін (9.2) теңдеуіне қойып, қабаттың өлшенген биіктігінің мәндері бойынша кеуектілікті анықтайтын теңдеуді алуға болады:

$$\varepsilon = 1 - \frac{f_a \cdot H_0(1-\varepsilon_0)}{f_a \cdot H} = 1 - (1-\varepsilon_0)\frac{H_0}{H} \tag{9.4}$$

(9.4) теңдеуінен көріп тұрғанымыздай, сұйылтатын агенттің жылдамдығы өскен сайын қабаттың кеуектілігі артады. Ұшырып әкету жылдамдығы кезінде жалғансұйылу қабат үшін шегі $V_{сл} \geq V_T$ болады, демек $\varepsilon = 1$ деп санауға болады.

Осылайша жалғансұйылу қабаты мына аралықта жүзеге асырылады:

$\varepsilon = \varepsilon_0 = 0{,}4 (w < w^1_{кр})$ -дан $\varepsilon = 1 (w \geq w^1_{кр})$ дейін

Біршама жуықтаулармен осы аралық шегін, пішінсіз бөлшектер үшін де қабылдауға болады.

Қатты бөлшектердің қабаты сұйылтатын агент үшін гидравликалық кедергісі болып табылады, дифференциалды манометрмен (сур. 9.1) осы қабат арқылы сұйылтатын агенттің қозғалысында пайда болатын, қысымдар өзгеруін өлшеуге болады.

9.2 суретте қабаттың гидравликалық кедергісі ΔP мен кеуектілігінің ε әдеттегі өзгерістерінің қисығы көрсетілген.

Жалғанасұйылудың басындағы барлық түйіршікті материалдың аппараттың көлденең қимасының бірлік ауданына қатынасы, қабаттың гидравликалық кедергісінің күшіне теңестіріледі.

$$\Delta P_C = \frac{G_C}{f_a} \tag{9.5}$$

мұнда $G_к$ – қабаттағы материалдың салмағы, Н.

Архимед күші арқылы (9.3) және (9.5) теңдеулерін пайдаланып табамыз:


$$\Delta P_C = gH_0(\rho_ч - \rho_C)(1-\varepsilon_0) \tag{9.6}$$

Осылайша ЖС кедергісінің шамасы тұрақты болады, онда оны әрбір ε мәні үшін (9.6) теңдеуі бойынша анықтауға болады.

$$\Delta P_C = gH\ (\rho_ч - \rho_C)(1-\varepsilon_0) \tag{9.7}$$

Егер $\rho_ч >> \rho_c$ (мысалы, газ – қатты бөлшектер жүйесінде), онда теңдеуді былай өрнектеуге болады:

$$\Delta P_C = gH_0\rho_ч(1-\varepsilon_0) \tag{9.8}$$



Сурет 9.2. Тәуелділіктер: а) $\Delta P = f(w)$; б) $\varepsilon = f(w)$.

Жалғансұйылу қабаттың гидравликалық кедергісі тұрақты шамада сақталынып қалатындығын және сұйылтатын агенттің жылдамдығына тәуелді болмайтындығын графиктен (сур. 9.2) байқауға болады. Бұл тұрақтылық аспалы жағдайда болатын бөлшектер үшін келісілген, келесі байланыс орындалады:

$$G = R + A \tag{9.9}$$

мұнда $G = mg = V_ч \cdot \rho_ч g$ – ауырлық күші, Н;

$R = \xi \frac{\rho_c w_д^2}{2} f$ – қатты бөлшектің кедергі күші, Н;

$A = V_ч \rho_ч g$ – Архимед күші, Н;

ξ – қатты бөлшектің кедергі коэффициенті (айналып ағу режиміне тәуелді);

f – бөлшектің көлденең қимасының ауданы, м^2;

m – бөлшектің массасы, кг;

ρ_c – сұйылатын агенттің тығыздығы, кг/м^3;

$V_ч$ – қатты бөлшектің көлемі, м^3;

$\rho_ч$ – қатты бөлшектің тығыздығы, кг/м^3;

$w_д = \frac{w}{\varepsilon}$ – бөлшектердің арасындағы сұйылатын агенттің шынай жылдамдығы, м/с.

Сонда:

$$R = G - A \tag{9.10}$$

онда:

$$R = \xi \frac{\rho_c w_0^2}{2} f = V_ч g(\rho_ч - \rho_c) \quad (9.11)$$

(9.11) теңдеуінің оң және сол жақтарын *f*-ке бөліп және оған w_0 мәнін қойып, табамыз:

$$R = \xi \frac{\rho_c w^2}{2\varepsilon^2} = V_ч g(\rho_ч - \rho_c)/f \quad (9.12)$$

немесе $\rho_ч >> \rho_c$ кезінде

$$\Delta P = \frac{V_ч g \rho_ч}{f} = \frac{mg}{f} \quad (9.13)$$

Қатты бөлшектердің жалғансұйылу кезінде пайда болатын қысымдар өзгерісі, бөлшектің көлденең қимасының ауданына бөлінген бөлшектің массасына тең болады (9.13 теңдеу).

Сондай-ақ қабаттың барлық бөлшектерінің жалғансұйылу күйіне ауысқандағы қысымдар өзгерісін былай анықауға болады:

$$\Delta P = \frac{G_c}{f_c} \quad (9.14)$$

мұнда G_c – қабаттың бөлшегінің салмағы, Н.

Жалғансұйылу қабат үшін қысымның төмендеуі газдың жылдамдығына тәуелді емес тұрақты шама екендігі, (9.13) және (9.14) теңдеулерден көруге болады. Бұл тұрақтылық, қабаттар үшін, сұйылатын агентің шығыны өскен кезде бір мезгілде қабаттың кеуектілігі артумен түсіндіріледі, демек сұйылатын агенттің түйіршіктер арасындағы ақиқатты жылдамдығы тұрақты шамада болып қалады ((9.11) және (9.12) теңдеуді қараңыз).

Жалғансұйылу қабаттар үшін жылдамдық критерийлерін Лященко және Архимед критериялары арсындағы байланыстылықтарды пайдалана отырып анықайды (сурет 9.3):

$$Ly = f(Ar) \quad (9.15)$$

мұнда $Ly = \frac{w^3 \rho_c^2}{\mu_c(\rho_ч - \rho_c)g}$ – Лященко критерийі;

$Ar = \frac{d^3 \rho_c(\rho_ч - \rho_c)g}{\mu_c^2}$ – Архимеда критерийі;

μ – тұтқырлықтың динамикалық коэффициенті, Па·с.

Жылдамдық критерийлерін есептеу үшін, эксперименталды мәліметтерді саралау арқылы алынған, Тодес теңдігін пайдалануға болады:

$$\mathrm{Re} = \frac{Ar \cdot \varepsilon^{4,75}}{18 + 0{,}61\sqrt{Ar \cdot \varepsilon^{4,75}}} \quad (9.16)$$

мұнда $\mathrm{Re} = \frac{w d_ч \rho_c}{\mu_c}$ – Рейнольдса критерийі.

Жалғансұйылудың бастапқы кезіндегі жылдамдықты анықтауға арналған теңдеу ($\varepsilon = \varepsilon_0 = 0{,}4$):

$$\mathrm{Re}_{кр}^{I} = \frac{Ar}{1400 + 5{,}22\sqrt{Ar}} \quad (9.17)$$

мұнда $\mathrm{Re}_{кр}^{I} = \frac{w_{кр}^{I} d_ч \rho_c}{\mu_c}$

Ұшырып әкету жылдамдығын есептеуге арналған теңдеу ($\varepsilon = 1$):

$$\mathrm{Re}_{кр}^{II} = \frac{Ar}{18 + 0{,}61\sqrt{Ar}} \quad (9.18)$$

мұнда $\mathrm{Re}_{кр}^{II} = \frac{w_{кр}^{II} d_ч \rho_c}{\mu_c}$.

Пішінсіз қатты бөлшектер үшін, диаметрдің $d_{кат}$ орнына эквивалентті диаметр $d_э$ пайдаланады. Пішінсіз қатты бөлшектер

үшін, эквивалентті диаметрді $d_э$ шеңбердің $d_ш$ (V көлемі нақты бөлшектердің көлеміне тең болғанда) шартты диаметрінің пішін факторына φ көбейту арқылы анықтайды:

$$d_э = d_ш \cdot \varphi \tag{9.19}$$

мұнда $d_ш = \sqrt[3]{\frac{6V}{\pi}}$ – шардың шартты диаметрі, м;

$\varphi = \frac{f_ш}{f_ч} = \frac{\pi d_ч^2}{f_ч}$ – фактор пішіні;

$f_ч$ – бөлшектің нақты беті, м^2.

Бөлшектердің нақты бетіне бөлшектердің диаметрі мен $d_ш$ бетінің қатынасы арқылы пішіннің факторын есептеуге болады, сонымен қатар пішіннің факторы әрдайым бірге тең немесе бірден кіші болады.

Бөлшектердің әртүрлі диаметрлерінен тұратын полидисперсті қабат үшін:

$$d_э = \frac{1}{\sum_{i=1}^{n}\left(\frac{x_i}{d_i}\right)} \tag{9.20}$$

мұнда n – фракция саны;

$d_i = \frac{d_{i-1} + d_i}{2}$ – i-дің фракциясының орташа өлшемі, м;

d_{i-1} – електің өткізетін өлшемі, м;


d_i – електің өткізбейтін өлшемі, м;

$x_i = \frac{M_i}{\sum_{\gamma=1}^{n} M_\gamma}$ – i-дің фракциясындағы материалдың массалық үлесі;

M_i – i-дің електегі материалдың массалық үлесі, кг.

Жұмыстың мақсаты

1. Сұйылатын агенттер жылдамдығы арқылы ΔP және ε эксперименталды тәуелділіктерін алу.
2. Эксперименталды мәліметтер бойынша бірінші шектік жылдамдықтың мәнін анықтау.
3. Пішінсіз бөлшектер үшін пішін факторын және қабаттың бөлшектерінің диаметрін немесе эквиваленті диамерді анықтау.
4. Екінші шектік жылдамдығын $Ly = f(Ar)$ тәуелділіктері арқылы анықтау. Оны Тодес теңдігі бойынша есептелген мәнмен салыстыру.
5. Қабаттағы материалдың салмағын есептеу.




Сурет 9.3. Қабаттың кеуектілігінен ε және *Ar* критериясынан *Ly* критерийінің тәуелділігі.

Эксперименталды қондырғының сипаттамасы

Қондырғы щитта жинақталған екі шынылы цилиндрлі бағаналардан 1 және 2 тұрады. Бағананың әр қайсысында үш металды торлар болады, олар газдышашыратқыш болып табылады. Екі торыда қатты бөлшектер қабатынан тұрады. Сұйылтатын агент (ауа) желдеткіш 3 көмегімен көлемді санап есептеуішке 4 түседі, одан кейін вентилдер 5 және 6 арқылы сәйкесінше не бірінші бағанаға 1 және не екінші бағанаға 2 түседі. Ауаның шығыны элекрқозғалтқышқа 7 жалғанған, кернеулі реттегіштен сөндіргіш 9 арқылы желімен қосылған кернеуді өзгерту жолымен реттеледі. Бағаналар арқылы ауаның қозғалысында пайда болатын, қысымның өзгеруі дифференциалды манометрлер 10 және 11 арқылы өлшенеді. Бұларды айырып-қосқыштар 12 және 13 көмегімен кез-келген нүктеден қосуға болады.

Әр бір бағананың айырып-қосқыштарының үш күйі болады – а, б, в.



Сурет 9.4. Экспериментальды қондығының тәсімі

Жұмысты орындау әдісі

1. Қондырғыны іске қоспай тұрып, алдымен қондырғының жұмысының мазмұнымен танысу керек және оқытушыдан тапсырма алу қажет.

2. Тапсырмаға сәйкес 5 немесе 6 вентилдердің біреуін ашу керек (екіншісі жабық болуы тиіс).

3. Кернеудің реттегіш тұтқасын нөлге келтіріп, ал сөндіргішті 9 «желі» жағдайына қою керек.

4. Бағана арқылы шығындалатын ауаны реттегіш кернеумен белгілеп алып, сәйкес айырып-қосқыш көмегімен рет-ретімен дифманометрдің өзгерісін өлшейді (одан арғы есептеуге арналған теңдеулер 9.1 кестеде келтірілген).

Кесте 9.1

Қосқыштың күйі	Өлшенетін шама
а	$\Delta P_a = \Delta P_p$
б	$\Delta P_б = \Delta P_p + \Delta P_1$
в	$\Delta P_в = 2\Delta P_a + \Delta P_1 + \Delta P_2$

Мұнда ΔP_p – тор арқылы сұйылтатын агенттің қозғалысы кезінде пайда болатын қысымның өзгеруі;

ΔP_1, ΔP_2 – бірінші және екінші қабаттарға сәйкес болатын қысымның өзгерулері;

Тәжірибенің әр қайсысының зерттелетін қатты бөлшектер қабатының биіктігін өлшеу қажет.

Ауаның шығымын санап есептеуіштің көмегімен өлшеу керек. Өлшеу нәтижелерін есептік 3.2 кестеге жазу керек.

5. Ауаның шығымын бірізділік өзгерте отырып, жоғарыда көрсетілген шамаларды өлшеу.

Өлшеулер, желдеткіш қамтамасыз ететін, нөлден бастап едәуір жоғарлаған дейінгі, ауаның жылдамдығының өзгерісінің диапазонын ұстап тұру керек.

Максималды мүмкіндікті дәлдікпен қамтамасыз ететіндей етіп, бірінші шектік жылдамдықты өлшеуді ұйымдастыру керек.

Жұмыс аяқталған кейін кернеудің реттегіш тұтқасын нөлге келтіріп және сөндіргішті 9 «сөндіру» жағдайына қою керек.

Тәжірибе мәліметтерін өңдеу және есепті құрастыру

1. Ауаның жылдамдығын *w*, м/с (9.1) теңдеу бойынша анықтау:

$$w = \frac{V}{f_a} = \frac{V_K - V_H}{\tau} \cdot \frac{4}{\pi \cdot d^2}$$

2. Манометрдің дифференциалды көрсеткішінің өлшем бірлігінің миллиметр сынап бағанасын Паскалға аударып, қатты бөлшектердің қабатының гидравликалық кедергісін ΔP_1 есептеу. Егер кедергілері $\Delta P_p << \Delta P_1$ болса, онда торлардың кедергісін ескермеуге де болады.

3 Әр бір қабаттың мәндері бойынша $\Delta P_1 = f(w)$ тәуелділік графигін тұрғызу. Графиктен жалғансұйылудың критериялық $w'_{кр}$ мәнін анықау.

4 Әр бір қабаттың мәндері бойынша $\varepsilon = f(w)$ тәуелділік графигін тұрғызу және(3.4) теңдеу бойынша кеуектілікті есептеу.

5 Тығыздық пен ауаның динамикалық тұтқырлығының мәндерін келесі теңдеулермен есептеп табуға болады:

$$\rho = \rho_0 \frac{273}{T};$$

$$\mu = \mu_0 \frac{273 + C}{T + C}\left(\frac{T}{273}\right)^{3/2},$$

мұнда ρ_0 = 1,293 – 0 ^{0}С кезіндегі ауаның тығыздығы, кг/м^3;

μ_0 = 17,3· 10^{-6} – 0^{0}С кезіндегі тұтқырлықтың динамикалық коэффициенті, Па·с;

$T = 273 + t\ ^0C$ – абсолютті температура, К;

C – Сатерленд тұрақтысы (ауа үшін C = 124).

6. Қабаттағы d_i бөлшектердің орташа диаметрін анықтау. Лященко критериін $w^I_{кр}$ мәндері арқылы анықтау. Сондай-ақ $\rho_ч >> \rho_c$ болғанда, онда (9.15) теңдігіне $\rho_ч - \rho_c \approx \rho_ч$ деп қабылдауға болады. График (сур. 9.3) бойынша ε = 0,4 кезінде Архимедтің критериінің тиісті сәйкес мәнін табу және бөлшектердің диаметрін $d_ч$ анықтау.

7. Белгілі болған $d_ч$ бойынша Тодес теңдігі арқылы $w^I_{кр}$ және $w^{II}_{кр}$ мәндерін табыңыз.

8. (9.14) теңдігі бойынша, әрбір қабаттағы, барлық қатты бөлшектерді анықтаңыз

9. Жұмыстың есебіндегі болу керек болатын мазмұндар: тапсырма; өз ерекшелігімен қондығының тәсімі; есептік кесте (кесте. 9.2.); $\Delta P_1 = f(w)$ қисығы; бөлшектердің орташа диаметрін есептеу; әрбір қабаттағы материалдың салмағын табу; Тодес теңдігі арқылы $w^I_{кр}$ және $w^{II}_{кр}$ мәндерін табу.

Бастапқы мәліметтер

Аппарат диаметрі D = 41· 10^{-3} м.

Материал – тары.

Қатты бөлшектің тығыздығы $\rho_ч$ = 1320 кг/м^3.

Бағаны номері 1.

Жалғансұйылу қабаттың кеуектілігі ε_0 = 0,4

Ауа температурасы t = 19 ^{0}С.

Кесте 9.2

№ п/п	Тәжірибе мәліметтері				Есептеу мәліметтері		
	Көлемді есептегіштің көрсеткіші, м^3 $V_к - V_н$	Көлемді өлшеу мерзімі, с τ	Дифманометр көрсеткіші, мм.сын.бағ. ΔP	Қабаттың биіктігі, м H	Ауаның жылдамдығы, м/с w	Қабаттың гидравликалық кедергісі, Па ΔP	Қабаттың кеуектілігі, ε
1							
2							
3							
4							
5							

Виртуалды зертханалық жұмысты орындау тәртібі

Бұл виртуалды жұмыс қалыптасқан қондырғыға (сур. 9.4) қарағанда, түріршік қабатының биіктігі H = 40 мм болатын, бір ғана торы бар, тек бір цилиндрлі шынылы бағанадан тұрады.

Дифференциалды манометр бір жағынан тордың астында орналасқан «в» нүктесіне сәйкестендіріп (сур. 9.4), ал екінші жағынан бағананың жоғарыдағы «а» нүктесіне сәйкестендіріп (сур. 9.4) жалғанған.

Зертханалық жұмысты электр желісіне қосу үшін қызыл «Қосу» нүктесін басу керек. Осыдан кейін ол жарық болып, әрі қарай басқаруға бағынбайды. Бірақ кернеудің реттегішті басқару нүктесімен бір мезгілде белсендіріледі. Оның көмегімен көрсеткіштерді өзгертуге болады, бұл дегеніміз, желдеткіш қозғалтқышына берілетін энергияны да өзгертуге болады

Бұл үшін бағыттаушыны кернеудің реттегішті басқару нүктесінің тетігін, белсенді қызыл аймағына апарып, тінтеуірдің бірінші нүктесін басып тұрып бір мезгілде оны оңға қарай жылжытады.

Желдеткіштің қозғалтқышына берілетін энергияның мөлшерін, өнделіп шығарылған ауаның шығынын белгілейтін, көлемді санауыштың айналу саны бойынша жорамалдауға болады.

Шығынды дәл бағалау үшін әдетте көлемді санап есептеуіш арқылы 0,03 м^3 ауаның өткен уақытын белгілеп тұрады. Уақытты виртуалды зертханалық жұмыстың құрамына қосылған, виртуалды секундомер көмегімен өлшейді. Кез-келген басқа секундомерді қолдануға болмайды. Виртуалды секундомерді қосу үшін «іске қосу» нүктесін басу керек. Тінтеуірдің сол жақ нүктесімен бағыттағыштың көрсеткішін белсенді аймаққа алып бару арқылы оның көрсеткішін түсіріп алуға болады. Бұдан бөлек жазба тақтаның көмегімен секундомерді басқаруға болады: клавиш «Р» – іске қосу, клавиш «S» – тоқта, клавиша «О» – нөлге келтіру.


Дәнді қабаттың биіктігін және дифференциалды манометрдегі су бағанасының биіктігін тіктеуірдің сол жақ басқышын басып тұрып бағыттағышты тіктеуірдің бір мезетте жоғары – төмен ауыстырумен және өлшеу сызығына сәйкес келетін белсенді қызыл аймаққа алып бару арқылы жүргізіледі.

Су бағаналарын дәлдікпен өлшеу үшін дифференциалды манометр үлкейтілген масштабта айқындалған. Көлемді санап есептеуіштің штатты жұмыс режимін бұзылуын болдырмау үшін жұмыс барысында кернеу реттегішпен басқару рычагын бірден қозғалтуға болмайды. Керісінше жалғасуйылудың басталу сәтін, манометр көрсекіштеріне сай, дәл айқындау үшін кернеуді баяу және бір қалыпты өзгертуге тура келеді.

Сұйылу процесінің жаңаруының анықтығын жоғарлату үшін қабаттың әрбір бөлшегі өзіндік заңдылықпен (трактириямен) қозғалады. Сондықтан осы виртуалды зертхананың жұмысы кезінде компьютердің бірлік уақытта ақпаратты өңдеу саны өте көп, бұдан компьютердің шапшандығына да қойылатын талап жоғарырақ болады.

Сұйылу процесінің ерікті өздігінен жаңаруы үшін компьютердің процессорының жиілігі 1 ГГц-тен төмен болмау керек. Бұл дегеніміз төмен тактілі жиілікті компьютерде осы жұмысты орындауда кезінде алынған нәтижелер анық болмай шығады.

Бұл жаңарту процесі бірнеше кешеуілдегенін көрсетеді, бірақ бұл кезде виртуалды секундомердің көрсеткіштері ең анық болып қала береді.



5 Әдебиет

негізгі:

1 Промышленная технология лекарств, Том 1. Под ред. Чуешова В.И. – Х.: МТК-Книга, Издательства НФАУ, 2002 – 560 с.
2 Касаткин А.Г. Основные процессы и аппараты химической технологии. – М.: ООО ТИД "Альянс", 2004. - 753 с.
3 Дытнерский, Ю.И. Процессы и аппараты химической технологии: Учебник для вузов. В 2-х кн. / Ю.И.Дытнерский. – М.: Химия, 2002. – 400– 368 с
4 Павлов К.Ф. Примеры и задачи по курсу процессов и аппаратов химической технологии: Учебное пособие для вузов / К. Ф. Павлов, П. Г. Романков, А. А. Носков; под ред. П.Г. Романкова. - 14-е изд., стер. - М.: Альянс, 2007. С. 576
5 Основные процессы и аппараты химической технологии: Пособие по проектированию: Учебное пособие для студ. химико-технологических спец. вузов; Допущено Гос. комитетом СССР / Г. С. Борисов [и др.]; под ред. Ю.И. Дытнерского. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Альянс, 2008.- 496 с
6 Плаксин Ю.М., Малахов Н.Н., Ларин В.А. Процессы и аппараты пищевых производств. – М.: Колос, 2008. – 760 с.
7 Ешова Ж.Т. Химиялық технологияның негізгі процестері мен аппараттары: Оқу құралы. – Алматы Қазақ университеті, 2007. – 237б.
8 Ақбердиев Ә.С., Ханқожаев Ш.Х., Омарқұлов П.К. Тамақ өндірісінің процестері және аппараттары, 2-ші бөлім, Шымкент, 2004 ж.
9 Кавецкий Г.Д. Процессы и аппараты пищевой технологии. - М.: Колос, 2000.
10 J. F. Richardson and J. H. Harker. Chemical Engineering. V2. Fifth edition. Linacre House, Jordan Hill, Oxford: Butterworth – Heinemann, 2002. – 1183 p.

қосымша:

11 Муравьев И. А. Технология лекарств. Изд. 3-е, перераб. и доп. Т. I, М., «Медицина», 1980, 704 с, ил.
12 Романков П.Г., Курочкина М.И. Гидромеханические процессы химической технологии.3-е изд. - Л.: Химия,.
13 Жужиков В.А. Фильтрование. 4-е изд. М.: Химия, 1986
14 Ақбердиев Ә.С., Молдабеков Ш.М. Химиялық технологияның негізгі процестері және аппараттары, 1-ші бөлім, Алматы; 1993 ж.
15 Процессы и аппараты химической технологии. Явления переноса, макрокинетика, подобие, моделирование, проектирование. В 5Т. Т1//Под ред. А.М. Кутепова – М.: Логос, 2001

Бақылау (сұрақтар, тестілер, есептер және т.б.)

1 Жалғансұйылу қабаттар үшін сұйылатын агентті сипаттайтын жылдамдықты қалай анықтайды.
2 Жалғансұйылудың бастапқы жылдамдығын эксперименталды мәндер бойынша қалай анықайды.
3 Қабаттағы бөлшектердің орташа диаметрін қалай есептейді.
4 Кеуектілік дегеніміз не? Сұйылатын агенттің жылдамдығымен қабатың кеуектілігінің арасындағы байланыс қандай сипатта болады.
5 Жалғансұйылудың бастапқы жылдамдығы мен ұшырып кету жылдамдығы неге тәуелді.
6 Сұйылатын агенттің жылдамдығының жоғарлауымен неліктен қозғалмайтын қабаттың гидравликалық кедергісі өседі, ал жалғансұйылу тұрақтылығын сақтайды.
7 Пішінсіз бөлшектер үшін эквивалентті диаметрді қалай есептейді.
8 Тәуелділік қисығын қалай пайдаланады?
9 Қозғалыссыз қабаттың салмағы белгілі болған кездегі жалғансұйылу қабаттың гидравликалық кедергісін қалай анықталады?

Тестік тапсырмалар

1. Түйіршікті материалдарды жалғансұйылуы оның бөлшектері бір біріне салыстырмалы түрде ... энергияны жіберу есебінен тасымалдануымен сипатталады.
| экстрактордың
| сұйылтатын агентпен
| жылуалмасу аппараттың
| центрифуганың
| ысыушы агенттің

2. Сұйылтатын агенттің түйіршікті материалдар арқылы ... жылдамдықпен өрлейтін қозғалыс кезінде жалғансұйылу қабаты түзіледі.
| екіншілік критикалықтан жоғары
| дыбыс жылдамдығынан жоғары
| біріншілік критикалықтан жоғары
| ұшырып әкету жылдамдығынан жоғары
| біріншілік критикалықтан төмен

3. Жалғансұйылудың артықшылығын көрсетіңіз
| Қатты фазаның қарқынды араласуы
| Жалғансұйылу қабаттың аққыштығы
| Жалғансұйылу қабатта бөлшектердің қарқынды үгітілуі
| Сұйылтатын агентпен бөлшектердің ұшуы
| Қабаттағы бөлшектердің әркелкі тасымалдануы

4. Жалғансұйылудың кемшілігін көрсетіңіз
| Қатты фазаның қарқынды араласуы
| Жалғансұйылу қабатта бөлшектердің қарқынды үгітілуі
| өнімділігі төмен
| Сұйылтатын агентің қозғалыс жыдамдығы жоғары
| Жалғансұйылу қабаттың аққыштығы

5. Жалғансұйылудың санын көрсетіңіз
| Ақиқат жылдамдыққа жұмысшы жылдамдықтың қатынасы
| Жалғансұйылудың бастапқы жылдамдығына жұмысшы жылдамдықтың қатынасы
| Жалғансұйылудың бастапқы жылдамдығы мен бөлшектердің ұшыру жылдамдығы арасындағы айырмасы
| Бөлшектердің ұшыру жылдамдығына жұмысшы жылдамдықтың қатынасы
| Екіншілік критикалық жылдамдығына жұмысшы жылдамдықтың қатынасы

6.Қабат бірлігі көлемінде бөлшектер арасындағы бос көлемнің атауы ... болып табылады.
|меншікті бет
|қабат кеуектілігі
|еркін бет
|біртекті емес қабат
|жалған сұйылған қабат

7.Сұйықтың көлемдік шығынының қабаттың көлденең қимасының барлық ауданына қатынасы...деп аталады.
|пневмотасымалдау жылдамдығы
|бұрқақтану жылдамдығы
|жалған жылдамдық

|жалған сұйылу жылдамдығы
|еркін жылдамдық
8.Қабаттың қозғалыссыз күйі бұзылып, ол қозғала басталу жылдамдығы...деп аталады.
|жалған жылдамдық
|пневмотасымалдау жылдамдығы
|бұрқақтану жылдамдығы
|еркін жылдамдық
|жалған сұйылу жылдамдығы
9.Қабат бұзылып, оның бөлшектері сұйық немесе газ ағынымен түгелдей қосыла аға бастау жылдамдығы ... болып табылады.
|жалған сұйылу жылдамдығы
|жалған жылдамдық
|пневмотасымалдау жылдамдығы
|бұрқақтану жылдамдығы
|еркін жылдамдық
10.Тәжірибе нәтижелерін ғылыми қорытындылау әдісі туралы білім саласы...деп аталады.
|гидродинамика теориясы
|өлшемдер туралы ғылым
|ықтималдық теориясы
|тұрақты шамалар туралы ғылым
|ұқсастық теориясы

8-тақырып: Қатты бөлшектердің гравитация күштері әсерімен сұйықта тұнуы

Мақсаты: Қатты бөлшектердің диаметріне, олардың пішініне және бөлшектердің және сұйықтың физикалық қасиеттеріне байланысты, сұйықтардағы қатты бөлшектердің тұну жылдамдығын анықтау; әртүрлі тұндыру режимдері үшін $Re = C\,Ar^n$ және $Ly = f(Ar)$ эксперименталды байланыстылықтарын тұрғызу.

Оқыту мақсаты:

Студент білуге тиіс:

- Әртекті жүйелердің жіктелуін;
- Әртекті жүйелерді ажырату әдістерін;
- Ажырату процестердің материалдық балансын;
- Тұндыру процесі жөнінде жалпы түсінік;

Студент істей алуға тиіс:

- Тұндыру процесінің материалдық балансын түзе білу;
- Мөлдірлеген сұйықтың көлемін анықтай алу;
- Қатты бөлшектердің тұну жылдамдығын анықтай алу;
- Тұну бетінің ауданын анықтай алу.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Қатты бөлшектердің тұнуының режимдері.
2. Тұндырылатын бөлшектерге әсер ететін күштер.
3. Сфералық және сфералық емес бөлшектерді тұндыру.

4. Қатты бөлшектерді қысымда тұндыру.
5. Бөлшектердің тұну жылдамдығын немесе бөлшектердің өлшемдерін есептеу әдісі.

Білім берудің және оқытудың әдістері:

Студенттер қатты бөлшектердің тұндыру процесін меңгеруі керек.

Зертханалық қондырғыда:

1. Әртүрлі сұйықтарда қатты бөлшектердің тұну жылдамдығын, эксперимент жүзінде анықтау.
2. Әртүрлі тұндыру режимдері үшін Re = C Ar^n және Ly = f(Ar) эксперименталды байланыстылықтарын тұрғызу.
3. C және n коэффициенттерді анықтау.
4. Алынған мәліметтерді алдында белгілі болған есептеу теңдеулерімен салыстыру.

Теориялық мәліметтер.

Газда немесе сұйықтықта ұсақдисперсті қатты бөлшектерді тұндыру жағдайда гидравликалық және пневмаикалық классификациялау кезінде бақыланатын, газды тазалау және суспензияны ажырату процестің негізгі сипатамасы болып тұну жылдамдығы $w_{тұну}$ табылады.

Ауырлық күштер астында тұну жылдамдығын анықтау үшін жалпы барлық режимдерге тән байланыстылықты пайдалануға болады:

$$w_{ос} = \sqrt{\frac{4}{3}\frac{d_т(\rho_т-\rho)g}{\xi\rho}} \qquad (11.1)$$

Қатты бөлшектердің эксперименталды тұндырудың үш режимі және сәйкесінше Рейнольдс санына байланысты бөлшектің кедергі коэффициенті ζ бекілтілді

Бірінші аймақта, тұнудың ламинарлық аймағы, $Re_{ос}$< 2 кезінде:

$$\zeta = 24/Re_{тұну} \qquad (11.2)$$

Екінші (жиі ауыспалы деп аталатын) аймақта 2 <$Re_{тұну}$< 500 өзгеру аралығында:

$$\zeta = 18{,}5\ Re_{тұну}^{0{,}6} \qquad (11.3)$$

Үшінші аймақта, дамыған турбуленттік аймақта, 500 <$Re_{тұну}$< 20 000 өзгеру аралығында:

$$\zeta \approx 0{,}44. \qquad (11.4)$$

(11.1)–(11.4) теңдеу байланыстылықтары жалғызілікті тұндырылатын диаметрі $d_{қатты}$ шартәріздес бөлшектер үшін тән.

Ламинарлық тұну кезінде ($Re_{ос}$<2) шартәріздес жалғызілікті бөлшектер үшін ($d_{қатты}$<0,1 мм, ұсақ бөлшектердің біркелкі қозғалысын ескере отырып) тұну жылдамдығын теңдеу бойынша есептейді:

$$w_{ос.сф} = \frac{d_т^2(\rho_т-\rho)g}{18\mu} \qquad (11.5)$$

Бұл байланыстылық Стокс теңдеуі деп аталады. Гидродинамикалық аймақ үшін Рейнольдс саны 10^{-4}<$Re_{ос}$<2 тән келеді.

Егер бөлшектер пішінсіз болса, онда Если частицы имеют несферическую форму, онда $w_{тұну}$ есептеу үшін (11.5) байланыстылықты пайдалануға болмайды.

Жалпы жағдайда критериалды байланыстылықты пайдалуға болады:

$$Re = f(Ar, \zeta), \qquad (11.6)$$

Мұнда Ar –Архимед критерийі:

$$Ar = \frac{d_т^3\rho(\rho_т-\rho)g}{18\mu} \qquad (11.7)$$

(11.2) байланыстылықты (11.5) теңдеуді ескере отырып, мына түрге келтіреміз:

$$Re = Ar/18. \qquad (11.8)$$

Бұл жерде Архимед санының критикалық мәні, ламинарлық режимнің шектеулігі, Ar≤ 36 болады.

Ауыспалы аймақта (11.6) байланыстылықты мына түрге келтіреміз:

$$Re = 0{,}152Ar^{0{,}175} \qquad (11.9)$$

Ауыспалы аймақта тұндыру Архимед критерийдің 36 <Ar< $8{,}3\cdot10^4$ аралығында өзгерісімен шектеледі.

Дамыған турбулентті тұну кезінде:

$$Re = 1{,}74\ Ar^{0{,}5} \qquad (11.10)$$

Тұну жылдамдығы берілгенде немесе белгілі болған жағдайда, тұнатын бөлшектердің диаметрін есептеу үшін Ly=f (Ar) (сур. 11.1) графикалық тәуелділікті пайдалану оңтайлы,

мұнда Лященко критериі тең болады:

$$Ly = \frac{Re^n}{Ar} = \frac{w_{ос}^3\rho^2}{\mu(\rho_т-\rho)g}. \qquad (11.11)$$

Ly = *f* (Ar) графикалық тәуелділікте кедергі коэффициенті ζ ескерілмейді, мұнда шартәрізді емес (әдетте фармацевтикалық технологияда өнделетін) бөлшектер, олардың пішініне (дөңгелек, бұрышты, пластиналы және тағы басқаға) байланысты болады.

Кез келген тұну режимінде тұну жылдамдығын $w_{тұну}$, $d_{қатты}$ белгілі болған кезде, сурете келтірілген қисықпен жуықтап табуға болады. Қисық бойынша табылған тұну жылдамдығы, шектелмеген кеңістікте еркін тұнатын бөлшектер үшін тәжірибелік мәліметтермен тура сәйкес келеді. Пішінсіз бөлшектер үшін тұну жылдамдығы әдетте төмендеу, сол себептен шартәріздес бөлшектер үшін анықталатын жылдамдықты, пішіндік түзету коэффициентіне ψ көбейту (сәйкестік қисықтар болмаған жағдайда) қажет:


$$w_{ос} = \psi w_{тұну.шар\ тірізді.} \qquad (11.12)$$

Бірқатар геометриялық денелер (h – биіктік; r – радиус) үшін пішін ψ факторының мәнін (коэффициентті) келтіреміз:

Бөлшектердің пішіні ψ

Шаршы 0,806 Цилиндр (h = 10r) 0,691 Цилиндр
(h = 3r) 0,860 Цилиндр (h = 20r) 0,580

Қысылған қозғалыстың жылдамдығын есептеу кезінде Стокс теңдеуіне, суспензияның концентрациясының және оның реологиялық қасиеттерінің әсерін ескеретін, түзету көбейткішті енгізеді.



1 және 6 – шартәріздес бөлшектер; 2 - дөңгелек; 3 – бұрышты; 4 – сопақша; 5 – пластинкалы.
11.1 сурет. Қозғалыссыз ортада шартәріздес бөлшектерді тұндыру үшін Re және Ly мәндерінің Ar мәніне байланыстылығы.

Қондырғының сипатамасы

Қондырғы үш шыны цилиндрден тұрады ($d_ц \geq 50$мм), әралуан сұйықтықтармен толтырылған. Әрбір цилиндрдің жоғарғы және төменгі бөлігі таңбаланған, ол арақашықтықты айқындайды, мұнда тұндыру процесі кезінде бөлшектер өтеді. Секундомер арқылы қойылған таңбалар арасындағы арақашықтықта бөлшектердің өту уақытын өлшей отырып, бөлшектің тұну жылдамдығын анықтауға болады.

Сұйықтықта бөлшектің тым шапшаң қозғалысына бастапқы аймағында әсерін болдырмау мақсатында, жоғарғы бөлігінде қойылытын таңба, сұйықтық бетінің деңгейіннен 30–40 мм төменірек орналасады.

Жұмысты орындау тәртібі

Белгілі немесе өлшенген диаметрлі (немесе қажетті геометриялық өлшемді) шар тәріздес және пішінсіз бөлшектерді сұйықтың беті арқылы ыдысқа енгізеді және ақырын сұйықтыққа салады. Таңбалар арасында бөлшектердің өту уақытын секундомермен белгілейді. Әрбір өлшемді қайталайды. Есептік кестеге сынаулардың нәтижелерін енгізеді (кесте 11.1)

Кесте 11.1. Қатты бөлшектердің тұнуы кезіндегі өлшеу және есептеу нәтижелері

№ сынама	№ өлшеу	Бөлшектер: Материал, пішіні	$d_т$, мм	$\rho_т$, кг/м^3	V, м^3	Сұйықтық: аталуы	t, °C	ρ, кг/м^3	μ, Па·с	Бөлшектің тұну уақыты τ, с	Тұну жылдамдығы: тәжірибелік, $w_{ос}$	Сф.есептеу, $w_{ос.сф}$	Re	Ar	Ly	ψ

Re, Ar және Ly критерийлерді есептеу кезінде бөлшектің тұну жылдамдықтарының және диаметрінің $d_{қатты}$ орта мәнін пайданады. Бөлшектің тұну жылдамдықтарының $w_{тұну}$ анықтау кезінде кем дегенде 5 тәжірибе жасайды, әр қайсысында 3–4 өлшем жасалады.

Егер бөлшек тұну процесінде цилиндрдің қабырғасына тиетін болса немесе тұндырылған бөлшекке ауа көпіршігі жабысқан болса, мұндай тәжірибенін нәтижесін есептемейді және тәжірибені қайталайды.

Эксперименталды мәліметтер негізінде:

1) Әрбір өлшемде тұндыру жылдамдығын есептейді;

2) Әрбір тәжірибе үшін Re, Ar және Ly критерийлер мәнін анықтайды;

3) Эксперименталдық $Re = C\ Ar^n$ тәуелділікті тұрғызады және C және n коэффициенттерді анықтайды, алынған тәуелділікті есептеу теңдеулерімен салыстырады (11.8)–(11.10);

4) Эксперименталдық мәліметтерді Ly = f (Ar) қисығына ендіреді;

5) Берілген дөңгелек емес бөлшектер үшін Ly = f (Ar) тәуелділіктер және белгілі тұндыру жылдамдықтар көмегімен пішін факторын есептейді және жоғарыда келтірілген мәліметтермен салыстырады.

5 Әдебиет

негізгі:

1. В.И. Чуешов, Е.В. Гладух, И.В. Сайко. Технология лекарств промышленного производства. Ч. 1. – Винница: Нова книга, 2014. -696 с.
2. В.И. Чуешов, Е.В. Гладух, И.В. Сайко. Технология лекарств промышленного производства. Ч. 2. – Винница: Нова книга, 2014. -664 с.
3. Промышленная технология лекарств, Том 1. Под ред. Чуешова В.И. – Х.: МТК-Книга, Издательства НФАУ, 2002 – 560 с.
4. Промышленная технология лекарств, Том 2. Под ред. Чуешова В.И. – Х.: МТК-Книга, Издательства НФАУ, 2002 – 557 с.
5. Мантлер С. Н. Химиялық технологияның процестері және аппараттары : оқулық / С. Н. Мантлер, Ғ. М. Жуманазарова. – ҚР БҒМ ұсынған. - Алматы : "Бастау", 2018. - 256 б.
6. Дытнерский Ю.И Процессы и аппараты химической технологии: В двух томах / Ю.И Дытнерский. — М.: Альянс, 2015. — 368 с.
7. Дытнерский, Ю.И. Основные процессы и аппараты химической технологии: Пособие по проектированию: Учебное пособие для вузов / Ю.И. Дытнерский, Г.С. Борисов, В Брыков. - М.: Альянс, 2015. - 496 с.
8. Касаткин А.Г. Основные процессы и аппараты химической технологии: Учебник для вузов / А.Г. Касаткин. - М.: Альянс, 2014. - 752 с.
9. Остриков А.Н. Процессы и аппараты. Расчет и проектирование аппаратов для тепловых и тепломассообменных процессов: Учебное пособие / А.Н. Остриков, В.Н. Василенко и др. - СПб.: Лань, 2018. - 440 с.
10. Алексеев, Г.В. Виртуальный лабораторный практикум по курсу «Процессы и аппараты пищевых производств»: Уч. Пособие / Г.В. Алексеев, И.И.

қосымша:

11. Плаксин Ю.М., Малахов Н.Н., Ларин В.А. Процессы и аппараты пищевых производств. – М.: КолосС, 2008. – 760 с.
12. Кавецкий Г.Д. Процессы и аппараты пищевой технологии. - М.: Колос, 2000.
13. Павлов К.Ф., Романков П.Г., Носков А.А. Примеры и задачи по курсу процессов и аппаратов химической технологии - Л.: Химия, 1987
14. Государственная Фармакопея Республики Казахстан. – том 1 – Алматы. – Издательский дом: «Жибек

жолы».– 2008.– 592 с.
15. Государственная Фармакопея Республики Казахстан.– том 2. – Алматы.– Издательский дом: «Жибек жолы».– 2009. – 792 с.
16. Сағындықова Б.А. Дәрілердің өндірістік технологиясы.– Алматы.–2011.– 346 б.
17. Ақбердиев Ә.С. Тамақ өндірісінің процестері және аппараттары, Алматы; 1998 ж.

Бақылау (сұрақтар, тестілер, есептер және т.б.)

1. Тұндырылатын бөлшекке қандай күштер әсер етеді?
2. Тұнатын бөлшектер үшін Рейнольдстің санына қандай физикалық шамаларды жатқызады?
3. Тұнудың белгілі режимдері қандай?
4. Пішінсіз бөлшектер үшін тұну жылдамдықтарын қалай анықтайды?
5. Бөлшектің диаметрін қалай анықтайды, егер олардың тұну жылдамдығы белгілі болатын болса?
6. Пішінсіз тұнатын бөлшектер Ly = f (Ar) байланыстылығына қалай әсер етеді?
7. Тұнудің кез келген режимдері үшін қандай қисық байланыстылықпен $w_{тұну}$ немесе $d_{қатты}$ жуықтап шығаруға болады?
8. $\omega_{тұну}$ есептеу кезінде қандай сығылу қозғалысты ескеруге болады?
9. Тұндырғыштағы тұну ауданын қалай есептеуге болады?

Тестік тапсырмалар

1. Бөлшектердің тұнуы кезінде өзара үйкелуі және соқтығысулары байқалатын тұну процесі ... болып табылады.
| еркін тұну
| сығылысқан тұну
| қосарланған тұну
| жекелеген тұну
| ұжымдық тұну

2. Тұндырғыштың өнімділігі ... болып табылады.
| $V_{осв} = w_{ст} \tau$
| $V_{осв} = w_{ст} F \tau$
| $V_{осв} = w_{ст} F$
| $V_{осв} = w_{ст} F \tau / h$
| $V_{осв} = F h / w_{ст}$

3. Тұну беті ... болып табылады.
| $F = V_{осв} \tau$
| $F = V_{осв} / w_{ст}$
| $F = V_{осв} F \tau$
| $F = V_{осв} h / (w_{ст} \tau)$
| $F = V_{осв} h$

4. Еркін тұну жылдамдығының теңдеуі ... болып табылады.
| $w = P / \mu (R_{ос} + R_{фп})$
| $w = dV/Sd\tau$
| $w = 2\pi nr/60$
| $w = \pi dn$
| $w = d^2g(\rho_т - \rho)/18\mu$

5. Тұндырғыштың тұндыру беті ... болып табылады.
| $F = Q/K \Delta t_{ПОЛ}$
| $F = Q/K \Delta t_{СР}$
| $F = V_{ОСВ}/w_{СТ}$
| $F = M/K_Y \Delta Y_{СР}$
| $F = G/\rho w$

6. Ауырлық күшпен ортаның кедергі күшінің арасындабайланыстылық ... шартында ауырлық күш әсерінің астында тұндыру жүзеге асырылады.
|G = R
|G<R
|G>R
|3G = R
|G ≤ R

7. Ауырлық күштер астында сұйықтықтардағы қатты бөлшектердің тұнуын қарастырамыз. Ортаның кедергі күшін көрсетіңіз.

$$G = \frac{\pi d^3}{6} g(\rho_T - \rho_ж)$$

$$\omega_{oc} = \sqrt{\frac{4gd(\rho_T - \rho_ж)}{3\zeta\rho}}$$

$$\Delta P_n = \left(\lambda \frac{l}{dz} + \sum \zeta_{м.с.}\right) \frac{\rho\omega^2}{2g}$$

$$R = \zeta \frac{\pi d^2}{4} \cdot \frac{\rho\omega^2}{2}$$

$$h_n = \left(\lambda \frac{l}{dz} + \sum \zeta_{м.с.}\right) \frac{\omega^2}{2g}$$

8. Ауырлық күштер астында сұйықтықтардағы қатты бөлшектердің тұнуын қарастырамыз. Шартәрізді бөлшектің күшін көрсетіңіз.

$$R = \zeta \frac{\pi d^2}{4} \cdot \frac{\rho\omega^2}{2}$$

$$\omega_{oc} = \sqrt{\frac{4gd(\rho_T - \rho_ж)}{3\zeta\rho}}$$

$$G = \frac{\pi d^3}{6} g(\rho_T - \rho_ж)$$

$$\Delta P_n = \left(\lambda \frac{l}{dz} + \sum \zeta_{м.с.}\right) \frac{\rho\omega^2}{2g}$$

$$h_n = \left(\lambda \frac{l}{dz} + \sum \zeta_{м.с.}\right) \frac{\omega^2}{2g}$$

9. Ауырлық күштер астында сұйықтықтардағы қатты бөлшектердің тұнуын қарастырамыз. Бөлшектердің тұну жылдамдығын көрсетіңіз.

$$G = \frac{\pi d^3}{6} g(\rho_T - \rho_ж)$$

$$R = \zeta \frac{\pi d^2}{4} \cdot \frac{\rho\omega^2}{2}$$

$$\Delta P_n = \left(\lambda \frac{l}{dz} + \sum \zeta_{м.с.}\right) \frac{\rho\omega^2}{2g}$$

$$h_n = \left(\lambda \frac{l}{dz} + \sum \zeta_{м.с.}\right) \frac{\omega^2}{2g}$$

$$w_{oc} = \sqrt{\frac{4gd(\rho_T - \rho_ж)}{3\zeta\rho}}$$

10. Аспалы бөлшектердің жылдамдығы $\omega = м$

0,002 _

көлемдік сағаттық өнімділігін анықтау керек.

болған кездегі $F = 1,5\,м^2$ ауданды тұндырғыштың

$V_{осв} = 3,0\,\frac{м^3}{час}$

$$|V_{осв} = 6,0 \frac{м^3}{час}$$

$$|V_{осв} = 8,6 \frac{м^3}{час}$$

$$|V_{осв} = 10,8 \frac{м^3}{час}$$

$$|V_{осв} = 12,5 \frac{м^3}{час}$$

9-тақырып: Центрифуга

Мақсаты: Ценрифугалау әдісімен суспензияны ажыратудың теориялық негіздерімен, тұндырғыш центрифуганың жұмыс істеу принципімен және конструкциясымен танысу, режимдік көрсеткіштердің (ротордың айналу саны, процестің ұзақтығы) суспензияны ажырату дәрежесіне әсерін зерделеу.

Оқыту мақсаты:

Студент білуге тиіс:

- Ценрифугалау әдістері;
- Орадан тепкіш күштер және ажырату факоры;
- Ценрифугалау құрылғысы;

Студент істей алуға тиіс:

- Орадан тепкіш күштерді анықтай алу;
- Ауырлық күштерді анықтай алу;
- Ротордың айналу жылдамдығын анықтай алу;
- Ажырату факорын анықтай алу.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Ортадан тепкіш күш өрісінде әртекті сұйық жүйелерді ажырату.
2. Зертханалық ценрифуганың конструкциясын және жұмыс жасау принципі.
3. Режимдік көрсеткіштердің (ротордың айналу саны, процестің ұзақтығы) суспензияны ажырату дәрежесіне әсерін зерделеу.

Білім берудің және оқытудың әдістері:

Студенттер суспензияны ажыратудың теориялық негіздерімен танысуы керек. Зертханалық қондырғыда:

1. Зертханалық ценрифуганың конструкциясын және жұмыс жасау принципін меңгеруі тиіс.
2. Зертханалық ценрифугада суспехияны ажыратуды эксперименалды жүргізе алуы тиіс.
3. Ылғал тұнбаның көлемін анықтау және ажырату факторын есептеу керек.
4. Тұнбаның нығыздалу дәрежесін анықтау керек.
5. Ротордың әралуан айналудың саны кезінде ылғал тұнба көлем өзгерісінің центрифугалау ұзақтығына Voc = f(τ) байланыстылық қисығын тұрғызу керек.
6. Тұнбаның нығыздалу дәрежесінің ажырату факторына байланыстылық қисығын тұрғызу керек.

$$\Delta = f(Kp)$$

Теориялық мәліметтер.

Әртекті жүйелерді (эмульсия және суспензия) механикалық сусыздандыруды вакуум-сүзгіде (барабанды, дискілі ленталы), бетті сүзгіде, сүзгі-престе, центрифугаларда және вибросүзгіде жүргізеді.

Сұйықтарға арналған тұтастық немесе өткізгіштік қалқанды пайдалана отырып, центрифугалау күш өрісінде әртекті жүйелерді ажырату процесті центрифугалау астында ажырату деп атайды.

Центрифугалау процесін центрифуга деп аталатын машиналарда өткізеді.

Центрифуганың өзі тұтасқан немесе шеттері қырлы қабырғалы қарапайым түрдегі тік цилиндрлік ротор болып табылады. Ротор тік білікке бекітіледі, мұнда ол электркозғалтқыштың айналуына жалғанған, және қозғалмайтын қаптамалы цилиндрдің өзінде орналастырады, алынбалы қақпақпен жабылады; ротордың ішкі бетінде шеткерілген қабырғаларда сүзгіш мата немесе жұқа металдық торлар болады.

Ортадан тепкіш күш әсері астында суспензияны тұнбаға және фугат деп аталатын, сұйық фазаға ажыратылады. Тұнба роторда қалады, ал сұйық фаза одан бөлініп шығады.

Тұндырғыш ценрифугаларда тұндыру принципі бойынша тұтасқан қабырғалармен эмульсия және суспензияны ажыратуды жүргізеді, бұл жерде ауырлық күш әсерін орнына ортадан тепкіш күштер әсерімен алмастырады.

Сүзгі ценрифугаларда сүзу прниципі бойынша суспензияны ажырату процесін өткізгіштік қабырғалармен жүзеге

асырады, бұл жерде қысымдар айырмасының орнына ортадан тепкіш күш астында әсерін пайдаланады.

Тұндырғыш ценрифугаларда ажыратылатын суспензия немесе эмульсия, ортадан тепкіш күшпен ротордың қабырғасына лақтырылып тасталады, сонымен бірге жоғары тығыздықтағы сұйық немесе қатты фаза ротор қабырғасына жақын жиналады, ал оның осіне төмен тығыздықтағы басқа фаза орналасады; ротордың қабырғасында тұнба (немесе жоғары тығыздықтағы фаза) қабаты түзіледі, ал фугат ротордың жоғарғы шеті арқылы құйылады.

Сүзгі центрифугада ажыратылатын суспензия, тура солай ротор қабырғасына лақтырылады және фазалар бөлінеді; бұл жерде сұйық фаза сүзгі бөгеттер арқылы қаптамаға өтеді және ол жер алып шығарылады, қатты фаза тұнба түрінде осы бөгеттің ішкі жағында ұсталынып қалады, содан кейін ротордан алынып тасталады.

Осылайша, центрифугалаудың жалпы заңдылықтары тұну және сүзу заңдылықтарына ұқсас келеді. Сонымен бірге тұндырғыш және сүзгі ценрифугалардағы процестері күрделілеу болады сәйкесті тұндырғыш және сүзгідегі процестерге қарағанда.

Бұл центрифугада ауырлық күштердің орнына және қысымдар айырмасына жоғары мәнге жететін ортадан тепкіш күш әсер етумен негізделеді, ал сұйықтардың және тұнбаның жұқа қабаттарының орнына цилиндрлік шекаралық бетті қабат түзіледі, бұл процестің жүруі геометриялық факторларға байланыстылығы қиындатады.

Белгілі болғандай, жалпы жағдайда ортадан тепкіш күш шамасы мына теңдікпен өрнектеледі

$$C = \frac{mw^2}{r} = \frac{Gw^2}{gr} \qquad (1)$$

мұнда C – ортадан тепкіш күш, м; m – айналатын дененің массасы, кг; G – айналатын дененің салмағы; w – айналудың айналма жылдамдығы, м/сек; r – айналу радиусы, м.

Айналма жылдамдығы келесі теңдікпен анықталады:

$$w = \omega r = \frac{2\pi n}{60} r \qquad (2)$$

Мұнда ω - айналудың бұрыштық жылдамдығы, рад/сек; n – минутына айналу сандары.

(1), (2), теңдеулерді теңестірсек аламыз:

$$C = \frac{G}{rg}\left(\frac{2\pi n}{60} r\right)^2 \qquad (3)$$

немесе $$C \approx \frac{Grn^2}{900} \qquad (4)$$

(2) теңдеуден көретініміз, ортадан тепкіш күштің артуына ротордың айналу санын арттыру, маңызды көп әсер етеді, центрифуга роторының диаметрін көбейтуге қарағанда

(3) теңдеуден байқайтынымыз, ортадан тепкіш өрісте үдеуі w^2 / r құрайды. Ортадантепкіш үдеуінің ауырлық күш үдеуіне g қатынасын ажырату факторы деп атайды.

$$K_p = \frac{w^2}{gr} \qquad (5)$$

$G = 1н$ шамасын қабылдаймыз, (2, 3, 4) қатынасынан алатынымыз:

$$K_p = \frac{rn^2}{900} \qquad (6)$$

Центрифугадағы бөлшектердің тұну жылдамдығы, кедергі күштер және ортадан тепкіш күштердің теңдеуі арқылы анықталады.

Стокс заңының Re<2 кезіндегі аумағында өте майда бөлшектер үшін тұну жылдамдығы:

$$W_{oc} = W_o \cdot K_p \qquad (7)$$

Мұнда W_o – ауырлық күштер әсері астында осы бөлшектердің тұну жылдамдығы.

Ауыспалы аумақта (Re=2 ÷ 500):

$$W_{oc} = W_o \cdot K_p \cdot 0{,}715 \qquad (8)$$

Автомодельді аумақта (Re> 500)

$$W_{oc} = W_o \cdot K_p \cdot 0{,}5 \qquad (9)$$

Керекті тұндыру беті, тұндыру жылдамдығына кері пропорционал, егер центрифугадағы тұну бетінің тұндырғыш бетімен теңдей өнімділік кезінде Стокс заңының аумағында Кр рет, ауыспалы аумақта Кр · 0,715 рет және автомодельді аумақта Кр · 0,5 рет төмен.

Центрифугалау қондырғысы

Ажырату фактордың мәні бойынша шартты түрде екі топқа бөлуге болады: қалыпты жағдайлы центрифугалау (Кр<3500) және асацентрифугалау (Кр>3500).

Қалыпты жағдайлы центрифугалалау басты түрде әртүрлі суспензияларды ажырату үшін қолданады, қатты фазаның өте

аз мөлшеріндегі концентрациялық суспензияны есепке алмағанда, сонымен бірге жеке дара материалдардан ылғалдың бөлініп шығару үшін қолданады.

Асацентрифугалау эмулсияны және жіңішкедисперсті суспензияны ажырату үшін қызмет етеді.

Қалыпты жағдайлы центрифугалар тұндыратын және сүзетін болып екеге бөлінеді. Аса ценрифугалар тұндырғыш типті аппараттар болып табылады және олар бөлінеді, құбырлы ценрифугалау, жіңішкедисперсті суспензиялар үшін қолданады және сұйықтықты сепараторлар, эмульсияны ажырату үшін қызмет етеді

Ценрифуга типтердің ең маңызды нышаны, тұнбаны олардан түсіріп шығару болып табылады. Тұнбаны түсіру қолмен, пышақтар немесе қырғыштар көмегі арқылы, шнектер және поршендер қайымды-ілгерлемелі (пульсациялық) қозғалатын, сонымен бірге ауырлық күшер және орадантепкіш күштер әсерлері астыда жүргізеледі.

Айналатын остің орналасуына байланысты тік, иілген және көлбеу ценрифугалар деп бөледі Тік центрифугалардың роторының білігі астында тірек болады немесе жоғарыдан ілінеді.

Ценрифуга процесінің ұйымдастыруына байланысты мерзімді және үздіксіз қозғалатын деп екіге бөледі.


Экспериментальды қондырғысының сипатамасы

Қондырғы (сур.1) ротордан (1), электркозғалтқыштан (2), жұмысшы кюветтен (3), зерттелетін жүйелі пробиркадан (4) және басқару пультten (5) тұрады.

Центрифуга жетегін авоматты қосу үшін басқару пультінде сағаттық механизм, ротордың айналу санын бақылау үшін тахометр, ротордың айналу санын пакетті қосу және электромагнитті тормозды нүктесі құрастырылған.

Зертханалық СМ-6МТ медициналық ценрифуга, 3500 айн/мин айналу жиілікті тасымалдаушы болып табылады, 2 г/см^3 дейін тығыздықтағы әртекті сұйық жүйелерді ортадан тепкіш өрісінде ажырату үшін тағайындалған. Ол медицина саласында және басқа да салаларда зерттеу үшін бағытталған.

Центрифуганың роторының айналу жиілігі 100-ден 3500 айн/мин-қа дейін диапазонда әрбір 100 айн/мин сайын сатылы реттеледі.



1 – ротор; 2 – электркозғалқыш; 3 – жұмысшы кювет; 4 – пробиркалау; 5 – басқару пульті
Сурет 1. Зертханалық қондырғы тәсімі.

Центрифуганы жұмысқа дайындау

1. Айнымалы токтың желісіне центрифугалау желісін қосу. 2. Центрифугалау қақпаған жабыңыз.

3. Центрифугалаудың керек мерзімін уақыттты (әрі қарай – сағат) есептегіш механизмін белгілейтін нүктесін орнату.

4. Ротордың айналу жиілігімен белгілеген айналу санын орнату.

5. «Бастау» нүктесіне басыңыз. Ротор айнала бастайды және автоматты түрде белгіленген айналу жиілікке жеткізеді.

6. Белгілеген уақыт өткеннен кейін автоматты түрде элекркозғалтқыштардың қоректену кернеуі автоматты түрде өшіріледі, және ротор тоқтай бастайды.

7. Қоректену тізбекті қосқышты өшіру орын жайына орнату.

8. Ротордың толықтай тоқтауынан кейін центрифуганың қақпағы ашылады, ротордың қақпағын шешіп алады және пробирканы шағарады.

9. Центрифугалауды жалғастыру үшін пробиркадағы ценрифугатты шайқайды және процесті қайталайды.

Жұмысты жасау тәртібі

1. Екі пробиркаға 10 мл-ден зерттелетін суспензияны құяды.

2. Пробирканы ценрифуганың роторының стаканының айналу осіне салыстырмалы симмериялы центрифугаға орнатады.

3. «Желі» нүктесін басып ценрифуганы қосыңыз.

4. Центрифуганың қақпағын жабыңыз.

5. Центрифугадағы айналу жиіліктерді сәйкесінше нүктелердің көмегі арқылы орнатыңыз (нұсқалар - 300, 700, 1000, 1300, 1700 айн/мин, және уақыты (0 -ден 10мин-ке дейін әрбір 1 мин сайын).

6. Өшірілуі белгіленген аралықта авоматты режимде жүреді.

7. Радиус центрифугалау радиусын r өлшеңіз, бұл, ценрифуганың ортасынан тұнбаның қабытына дейінгі ара қашықтық.

8. Центрифугадан кез келген пробирканы алыңыз және линейканың көмегңмен фугаттың биіктігін өлшеңіз, содан кейін қолмен, ауыз жағын бас саусақпен қатты ұстап тұрып қарқынды шайқаңыз және орнына қайтадан салып қойыңыз. Алынған өлшемдердің нәтижелерін 1 кестеге толтырыңыз. Кейінгі пробиркалармен де дәл сол процесті қайталауға және әрі қарай жалғастыруға болады.

9. Тәжірибені әртүрлі жиілікте және процестің ұзақтығында қайталайды.
10. Ылғал тұнбаның көлемін теңдеуден анықтаңыз:

$$V_{oc} = V_c - V_ф$$

мұнда V_c –суспензия көлемі, мм^3; $V_ф$ –фугаттың көлемі, мм^3.

$$V_ф = h(\pi d^2/4)$$

мұнда h –фугат қабатының биікігі, мм; d –пробирканың диаметрі, мм.
10. Ажырату факорды (6) теңдеумен анықтаңыз.
11. Тұнбаны нығыздалу дәрежесін анықтаңыз:

$$\Delta = V_т'/ V_{тұнба}$$

мұнда $V_т'$– бастапқы тұнба көлемі, мм^3; $V_{тұнба}$ – әр уақыт сәтіндегі тұнба көлемі, мм^3.
12. Ротордың әралуан айналудың саны кезінде ылғал тұнба көлем өзгерісінің центрифугалау ұзақтығына Voc = f(τ) байланыстылық қисығын тұрғызу керек
7. 13. Тұнбаның нығыздалу дәрежесінің ажырату факторына Δ = f(Кр) байланыстылық қисығын тұрғызу керек.
14. Есеп жасаңыз және жұмыс бойынша қорытындылаңыз.

Кесте 1.Ортадан тепкіш күш өрісінде суспензияны ажырату кезіндегі өлшемдері және есептеу нәтижелері

№ пробирка	Айналу саны, айн/мин	Центрифугалау ұзақтығы τ, мин	Центрифугалау радиусы r, м	Фугатты қабаттың биіктігі h, мм	Көлемдері			Ажырату факторы $К_р$
					Суспензия V_c, мм^3	Фугат $V_ф$, мм^3	Тұнба V_{oc}, мм^3	
1	300	1 мин	0,165	47	8	6,5		
2	300	1 мин	0,165	35	8	6		
3	300	2 мин	0,165	57	8	5,8		
4	300	3 мин	0,165	55	8	5,9		

5 Әдебиет

негізгі:

1 Промышленная технология лекарств, Том 1. Под ред. Чуешова В.И. – Х.: МТК-Книга, Издательства НФАУ, 2002 – 560 с.
2 Касаткин А.Г. Основные процессы и аппараты химической технологии. – М.: ООО ТИД "Альянс", 2004. - 753 с.
3 Дытнерский, Ю.И. Процессы и аппараты химической технологии: Учебник для вузов. В 2-х кн. / Ю.И.Дытнерский. – М.: Химия, 2002. – 400– 368 с
4 Павлов К.Ф. Примеры и задачи по курсу процессов и аппаратов химической технологии: Учебное пособие для вузов / К. Ф. Павлов, П. Г. Романков, А. А. Носков; под ред. П.Г. Романкова. - 14-е изд., стер. - М.: Альянс, 2007. С. 576
5 Основные процессы и аппараты химической технологии: Пособие по проектированию: Учебное пособие для студ. химико-технологических спец. вузов; Допущено Гос. комитетом СССР / Г. С. Борисов [и др.]; под ред. Ю.И. Дытнерского. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Альянс, 2008.- 496 с
6 Плаксин Ю.М., Малахов Н.Н., Ларин В.А. Процессы и аппараты пищевых производств. – М.: Колос, 2008. – 760 с.
7 Ешова Ж.Т. Химиялық технологияның негізгі процестері мен аппараттары: Оқу құралы. – Алматы Қазақ университеті, 2007. – 237б.
8 Ақбердиев Ә.С., Ханқожаев Ш.Х., Омарқұлов П.К. Тамақ өндірісінің процестері және аппараттары, 2-ші бөлім, Шымкент, 2004 ж.
9 Кавецкий Г.Д. Процессы и аппараты пищевой технологии. - М.: Колос, 2000.
10 J. F. Richardson and J. H. Harker. Chemical Engineering. V2. Fifth edition. Linacre House, Jordan Hill, Oxford: Butterworth –Heinemann, 2002. – 1183 p.

қосымша:

11 Муравьев И. А. Технология лекарств. Изд. 3-е, перераб. и доп. Т. I, М., «Медицина», 1980, 704 с, ил.
12 Романков П.Г., Курочкина М.И. Гидромеханические процессы химической технологии.3-е изд. - Л.: Химия,.

13 Жужиков В.А. Фильтрование. 4-е изд. М.: Химия, 1986
14 Ақбердиев Ә.С., Молдабеков Ш.М. Химиялық технологияның негізгі процестері және аппараттары, 1-ші бөлім, Алматы; 1993 ж.
15 Процессы и аппараты химической технологии. Явления переноса, макрокинетика, подобие, моделирование, проектирование. В 5Т. Т1//Под ред. А.М. Кутепова – М.: Логос, 2001
16 Фармацевтическая технология. Под ред. И.И. Краснюка и Г.В. Михайловой–Москва, Академия – 2006 г.

Бақылау (сұрақтар, тестілер, есептер және т.б.)

1. Тұндырғыш ценрифугалардың типтері және конструкциясы?
2. Центрифуганың жұмысын сипаттайтын көрсеткіштер?
3. Ажырату факторы дегеніміз не?
4. Зертханалық цетрифуга қандай негізгі элементтерден тұрады?

Тестік тапсырмалар

1. Әртекті жүйелерді ... бөлуге арналған процесті центрифугалау деп атайды.
| ауырлық күштері әсерімен
| ортадан тепкіш күштердің әсерімен
| қысым айырмашылығы әсерімен
| инерция күштері әсерімен
| электростатикалық күштердің әсерімен
2. Ортадан тепкіш күш әсерінен суспензия ... бөлінеді.
| тұнбаға және фугатқа
| тұнбаға и сүзіндіге
| кубтық қалдыққа және дистиллятқа
| ылғал және құрғақ өнімдерге
| экстрактқа және рафинатқа
3. Центрифугалау жылдамдығының теңдеуі ... болып табылады.
| $w = dV/Sd\tau$
| $w = \pi dn$
| $w = 2\pi nr/60$
| $w = d^2g(\rho_т - \rho)/18\mu$
| $w = \Delta P/ \mu (R_{ос} + R_{фп})$
4. Қалыпты центрифугалардың бөлу факторы ... болып табылады.
| 3500 кіші
| 3500 үлкен
| 3500 тең
| 10000 үлкен
| 2300 кіші
5. Жоғары жылдамдықты центрифугалардың бөлу факторы ... болып табылады.
| 3500 кіші
| 3500 тең
| 10000 үлкен
| 2300 кіші
| 3500 үлкен
6.Әртекті қоспаларды ажырату үшін келесі жабдықтар қолданылады.
|Ректификациялық қондырғы
|Ұнтақтағыш
|Тұндырғыш центрифуга
|Сорап
|Кептіргіш
7.Центрифугаларда, сепараторларда және гидроциклондарда қоспаларды ажырату ... әсері астында жүргізіледі.
|ауырлық күштер
|температураның құлауы
|қысымның құлауы
|концентрациялар айырмасы
|ортандан тепкіш күштер
8.Өздігінше бір біріне қойылған, бірқатар тұндырғыштар немесе табаны конус тәрізді болып келетін, ішінде конусты бөгеттері бар болатын цилиндрлік резервуар болып таылатын аппаратарды ... деп атайды.

|тарақты араластырғышты тұндырғыштар
|тұндырғышты центрифугалау
|көпярусты тұндырғыштар
|батареялық циклондар
|көпсатылы сораптар
9.Сүзгі центрифугаларда қозғаушы күш ... болып табылады.
|гравитация
|ортадан тепкіш күш
|қысымның түсуі
|температураның түсуі
|концентрацияның айырмасы
10.Мерзімді және үздіксіз әрекетті сүзгі центрифугаларды есептеудің маңыздылығы ... анықтау болып табылады.
|айналу жиілігін
|сүзу бетін
|центрифуганың биіктігін
|суспензияның тығыздығын
|фугаттың тығыздығын



10-тақырып: Араластыру процесін зерттеу
Мақсаты: Араластыру аппараттың құрылысымен және жұмысымен танысу.
Оқыту мақсаты:
Студент білуге тиіс:
- Сұйық орталарды былғау әдістері;
- Тұтынатын қуатты есептеуге арналған ұқсастық сандар теңдеуі;
- Былғауыштың тұтынатын қуатына әсер ететін факторлар.

Студент істей алуға тиіс:
- Былғауыштың жұмысын сипаттай алатын ұқсастық сандар теңдеуін түзе білу.
- Былғауышты аппараттың қуатын есептей алу.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:
1. Былғауышты аппараттың конструктивтік элементтері.
2. Былғауыштың жұмысын сипаттай алатын жалпылама ұқсастық сандар теңдеуі.
3. Былғауыштың тұтынатын қуатын есептеу.

Білім берудің және оқытудың әдістері:

Студенттер былғау процесінің физикалық негіздерімен және былғауышты аппараттың конструкциясымен танысуы керек. Виртуалды зертханалық қондырғыда:

1. Былғауышты аппараттың негізгі мінездемелері бойынша тестілеуден өтіңіз.
2. Былғауышты аппараттың конструктивтік элементтерін және өлшеу тәсімін оқыңыз.
3. Былғауыштың бір түрінің жұмысын сипаттай алатын ұқсастық сандар теңдеуінжазыңыз.
4. Алынған ұқсастық сандар теңдеуінің көмегімен былғауыштың тұтынатын қуатын есептеңіз және оны өлшенген мәнімен салыстырыңыз.

Құрал – жабдықтар: дербес компьютер, виртуалды жұмыстың бағдарламасы.

Теориялық мәліметтер.

Араластыру дегеніміз – бұл сұйық немесе газ ағындық ортада механикалық араластырғыштармен берілетін күштер арқылы өтетін, ағынды ортаның макрокөлемдері бір біріне салыстырмалы түрде барлық аппараттың көлемінде, бірнеше рет орын ауыстырылуы.

Араластыру процесі фармацевтикалық өнеркәсібінде өндеп шығарылатын жүйелердің суыту және қыздыру процестерін қарқындату үшін, сондай-ақ араластыратын ортада массаалмасу процесін қарқындату үшін суспензиялар, эмульсиялар дайындауда кеңінен қолданады.

Қазіргі кезеңде ең көп таралған әртүрлі типті (қалақты, пропеллерлі, турбиналы, якорлы, шнекті) механикалық араластырғыштар болып табылады

Бұл араластырғыштармен араластыру кезінде араластыру ортасының күрделі үшөлшемді қозғалысы пайда болады. Тангенциалды қозғалыс негізгі болып табылады, ол аппараттың көлемінде радиалды және аксиалды ағымдарды қоздырады. Аппаратта қозғалыс ортасының күрделі сипаты, процестің аналитикалық сипаттамасын алу мүмкіндігін бермейді. Сол себепті қалыптасқан режимде процестерді сипаттау үшін ұқсастық теориялар әдісімен алынған, әртүрлі критериалды теңдеулерді пайдаланады.

Кез келген механикалық араластырғыштардың жұмысының сипатының маңыздылығы, оның белгілі өлшемдегі және ортаның берілген физикалық қасиеттерінде араластырғыштың жұмыс элементінің айналуына жұмсалатын энергиясы болып табылады. Араластырғышпен шығындалатын қуат бірнеше факторларға байланысты болып табылады. Қазіргі уақыттағы қуатты анықтау үшін қабылданған әдістер және есептеу теңдеулерін, толығымен жеткілікті деп санауға мүмкін болмай тұр. Бұл жағдай эксперименалды зерттеулер жүргізу қажеттілігіне алып келеді. Содан кейін осылардың негізінде тиісті критериалды теңдеулер алынады.

Араластыру процесі гидродинамикалық көз қарас тұрғысында тұтқыр сұйықтың ағымымен дененің сыртымен айналып ағу процесі сияқты қарастыруға мүмкін болады. Сәйкесінше осы процесті сипаттайтын жалпы критериалды теңдеуді алуға болады:

$$Eu_M = f(\mathrm{Re}_M, Fr_M, \Gamma_1, \Gamma_2, ..., \Gamma_i), \qquad (8.1)$$

мұнда $Eu_M = \dfrac{N}{\rho n^3 d^5}$ – Араластыруға арналған Эйлер критерийі (анықтайтын критерий);

$\mathrm{Re}_M = \dfrac{\rho n d^2}{\mu}$ – Араластыруға арналған Рейнольдс критерийі (анықтайтын критерий);

$Fr_M = \dfrac{n^2 d}{g}$ – ортадантепкіш Фруд критерийі (анықтайтын критерий);

ρ – араластыру ортасының тығыздығы, кг/м^3;

μ – тұтқырлық ортаның динамикалық коэффициенті, Па·с;

g – еркін түсу үдеуі, м/с^2;

d – араластырғыштың жұмысшы элементінің диаметрі, м;

n – араластырғыштың айналу жиілігі, айн/с;

N – қалыптасқан режимде араластырғышқа жұмсалатын қуат, Вт;

$\Gamma_1 = \dfrac{H}{d}$ – геометриялық ұқсастық симплексі;

H – аппараттағы ортаның деңгейі, м;

$\Gamma_2 = \dfrac{D}{d}$ – геометриялық ұқсастық симплексі;

D – аппарат диаметрі, м.

Осылайша геометриялық ұқсастық шартындағы араластырғыштың білігіндегі қуатты анықтауға арналған жалпы байланыстылық теңдеуі:

$$Eu_M = c\,\mathrm{Re}_M^k\, Fr_M^m \quad (8.2)$$

мұнда *c, k,* m – эксперименталды анықталатын шамалар.

Ортаның бетінде үренке түзілмеген жағдайда, мысалы қайтаратын қалқанды немесе араластырғыштың жұмысшы элементін жеткілікті тереңдікке орнатқанда, ауырлық күшінің әсерін алдын алуға болады және (8.2) теңдігінен Фруд критерийін алып тастауға болады. Онда араластырғышқа жұмсалатын қуатты анықтау үшін негізгі теңдеу мына түрде болады:

$$Eu_M = c\,\mathrm{Re}_M^k \quad (8.3)$$

бұдан:


$$N = (\rho n^3 d^5) c\,\mathrm{Re}_M^k \quad (8.4)$$

Жұмыстың мақсаты

1 Араластырғышы бар аппараттың және өлшейтін тәсімнің негізгі конструктивті элементтерін зерделеу.
2 Бір типті араластырғыштың жұмысын сипатайтын жалпы критериалды теңдеуін құру.
3 Алынған критериалды теңдеулер бойынша есептеулер жүргізу және оны өлшенген шамамен салыстыру.

Эксперименталды қондырғының сипаттамасы

Араластыру процесін зерттеуге арналған қондырғы тәсімі 8.1-суретте келтірілген.



Сурет 8.1 Араластыру процесін зерттеуге арналған қондырғы тәсімі

Араластырғыш электрқозғалтқыш 1 арқылы іске қосылады, айналу жиілігінің өзгерісі, сызықтық автотрансформатор 2 (ЛАТР) көмегімен қоректенетін кедергілердің өзгеру жолдарымен жүзеге асырылады. Электрқозғалтқышқа жұмсалатын қуат мөлшері ваттметр 3 көмегімен өлшенеді.

Араластырғыштың білігінің айналу жиілігінің өзгерісі тахометр 4 көмегімен өлшенеді.

Өлшеу кезінде тахометрді электроқозғалтқыштың білігінің кесігіне орналастырылады және қолмен ұстап тұру керек. Тахометрге осьтік күшті салмаған жөн, өйткені қарама-қайшы жағдайда өлшенген нәтижелер нақты болмайды.

Станинада 5 көтеру үстелі 6 орналастырылған, оған араластырғыштың корпусы 7 бекітілген.

Винттің 8 көмегімен, араластырғыш корпусын, жұмысшы элементтің біршама биіктігі бойынша, әртүрлі деңгейде орнатуға мүмкін болады.

Араластырғыш корпусындағы *H* сұйықтың деңгейі, сондай-ақ қалақтың төменгі жиегінен корпустың түбіне дейінгі аралықты, корпустың бүйір бетінде сызылған, шкала бойынша анықталады. Араластырғыштың ауыстырылатын жұмысшы элементі 9 білікке 10 бектіледі, ол муфта 11 арқылы электрқозғалтқышқа 1 қосылған.

Тақтада 13 орнатылған, ішпекте 12 білік 10 айналады. Тақта 13 тіреулермен 14 статинаға қосылған. Тақтаға 13 қорғағыш экраны 15 бекітіледі, сонымен бірге электрқозғалтқышты қаптама 16 бекітіледі. Араластырғыш корпусының ішіне 7 төрт қайтаратын қалқандар 17 орнатылады.

Жұмысты орындау әдісі

1 Қондырғыны іске қосу алдында жұмыстың мазмұнымен және қондырғының құрылғысымен танысу қажет.

2 Қуаттың өлшеу жұмысының жүйесін алдымен дайындау және қосу қажет (қуат көзін қосу).

3 Электрқозғалтқыштың қуат көзінің кернеу реттегішін нөлге қою керек.

4 тапсырмаға сәйкес бастапқы мәліметтердің кестесін толтыру керек. (кесте 8.1). Геометриялық өлшемдерін штангенциркулмен өлшеу қажет.

5 Тапсырмаға сәйкес араластырғыштың жұмыс элементінің белгіленген типі мен біліктегі өлшемін бекіту керек. Сонымен қатар белгіленген типті араласырғыштың корпусын көтерілетін үстелде, бекіту керек.

Электрқозғалтқыштың қуат көзін қосу керек.

Кесте 8.1

Үлгі өлшемдері	Белгіленуі	Өлшем бірліктері	Мәні
Араластырғыштың диаметрі	d	м	
Араластырғыштың сыртқы диаметрі	D	м	
Ортаның қабатының биіктігі	H	м	
Қалақтың ені	b	м	
Сыртқы бетінің қалқасы	z	шт	
Жұмыс элементінің батыру тереңдігі	h	м	
Ортаның температурасы	t	^{0}C	
Ортаның тығыздығы	ρ	кг/м^3	
тұтқырлық ортаның динамикалық коэффициенті	μ	Нс/м^2	

Араластырғыш типі _____

Зерттелінетін орта _____

Кесте 8.2

№ сынау	Қуат, Вт	Айналу жиілігі, айн/мин			Орташа мәні n, айн/мин	Рандомизация	
						Кездейсоқ саны	Тізбектік өлшемі
1	N_1	n_{11}	n_{12}	n_{13}	n_1		
2	N_2	n_{21}	n_{22}	n_{23}	n_2		
3	N_3	...	...	...	...		
4	N_4	...	...	...	...		
5	N_5	...	...	...	...		
6	N_6	...	...	...	...		
7	N_7	...	...	...	...		
8	N_8	n_{81}	n_{82}	n_{83}	n_8		

6. Сынаулардың рандомизациясын өткізу қажет (кесте 8.2 қараңыз). Жүйелік қателіктерді белгілі дәрежеде теңгеру үшін, сондай ақ тәжірибедегі өлшеулер нәтижелері арасындағы бірқатар келеңсіз байланыстарды болдырмау үшін, рандомизация деп аталатын амал қолданылады.

Оның ерекшілігі, тәжірибелерді тұрақсыз сандар кестесі арқылы белгіленетін, кездейсоқ реттілікпен өткізеді. Рандомизациялау үшін, тұрақсыз сандар кестесінен, тұрақсыз сандар реттілігінің кез-келген бағанынан немесе жолынан таңдалады және 2.2. кестедегі бағанға сәйкестендіріп жазылу керек. Өлшеулер тұрақсыз сандардың өсуі немесе кемуі ретімен жүргізіледі.

7. Араластырғыштың белгіленген айнау жиілігіндегі бос жүрісте жұмсалған қуатты өлшеу керек және 8.2 кестені толтыру керек. Айнау жиілігін әрбір бірізді өзгерте отырып, өлшеуді кем дегенде үш рет өткізу керек.

8. Араластырғышың корпусына зерттелетін жүйенің белгіленген көлемін құяды және оның температурасын өлшеу керек. Жүрісті винттің көмегімен араластырғыштың жұмысшы элементінің сұйықта, белгіленген тереңдікке жүктелгенін белгілеуге болады.

9. Берілген қуаттың мәндері кезінде араластырғыштың қалыптасқан режимдік жұмыстың шартында араластырғыштың айналу жиілігін өлшеу керек.

Нақты нәтижелерді алу үшін, айнау жиілігін әрбір бірізді өзгерте отырып, өлшеуді кем дегенде үш рет өткізу керек. Өлшеулер нәтижелерін 8.2 кестесіне жазу керек.

10. Өлшеулерді жүргізіп болғанннан кейін, кернеудің ретегішін нөлге апарып қою керек және содан кейін электрқозғалтқыштың қуат көзін сөндіру керек; араластырғыш қуатының өлшеу жүйесін сөндіру керек; көтеру стөлін түсіру керек; араластырғыштың корпусын алып қою керек; зерттеленген сұйықтықты жиағышқа төгіп және корпусты шаю керек; араластырғышты алып қою керек.

Тәжірибе мәліметтерін өңдеу және есепті құрастыру

1. Эксперименталдық мәліметтерді өңдеулерді жүргізбей тұрып, алдымен өлшеулердің нәтижелері жаңартылып өңделгеніне көз жетізу керек және оларға ескерілмеген шамалардың әсері болмағандығын белгілеу керек. Осындай мақсатпен эксперименталды-статистикалық зерттеу әдістері негізінде айналу жиілігінің өлшемдері бойынша параллелді тәжірибелердің мәндерін өңдеу керек. Бұл үшін айналу жиілігінің өлшемдерін 8.3.кестеге жазу керек.

Осындай түрде айналу жиілігінің өлшемдері U қамтылатын ($U = 3$), параллелді тәжірибелердің e сериялары жүргізілді($e = 8$).

Кесте 8.3

№ сынау	Айналу жиілігі, айн/мин			Орташа мәні n, айн/мин	Дисперсия, S_j^2
	1	2	3		
1	n_{11}	n_{12}	n_{13}	n_1	S_1^2
2	n_{21}	n_{22}	n_{22}	n_2	S_2^2
.	...	...	...	...	
.	...	...	...	...	
j	...	...	...	...	S_j^2
.	...	...	...	...	
.	...	...	...	...	
8	n_{81}	n_{82}	n_{83}	n_8	S_i^8

Паралелді тәжірибелердің әрбір сериясы үшін, өлшенген айналу жиіліктердің орташа арифметикалық мәнін есептеу:

$$\bar{n}_j = \frac{1}{U} \cdot \sum_{i=1}^{U} n_{ji} \qquad (j = 1,2\square\square\square e;\ i = 1\square\square\square U)$$

Содан кейін әрбір серия үшін дисперсиялық бағалауды есептеу:

$$S_j^2 = \frac{1}{(U-1)} \cdot \sum_{i=1}^{U} \left(n_{ji} - \bar{n}_j\right)^2$$

Тәжірибенің туындысын тексеру үшін Кохрен критерийін табу керек. Ол ең үлкен дисперсияның бағасының барлық дисперсияның бағасының қосындына қатынасы арқылы табылады:

$$G_p = \frac{\max S^2}{\sum_{i=1}^{e} S_j^2}$$

Кохрен критерийінің G_T мәні кестеде 8.4 келтірілген. Тәжірибенің туындысының гипотезасы арқылы қабылданатын, тура ықтималдылыққа ($P = 0,95$), сәйкес келеді.

